

Екі куәлік, мағыналары және олар қажет ететін амалдар

Автор Аса көрнекті ғалым шейх Абдулла ибн Абдуррахман ибн Жибрин Оған Алла Тағаланың сәлемі болсын

Кіріспе:

Жалғыз Кәміл, ұлы сипаттарға ие бір Өзі ғана, Алла Тағалаға барлық мақтау-мадақ тән. Оның теңі де, ұқсасы да, серігі де жоқ Жалғыз Алла Тағаладан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екеніне куәлік етемін. Және өзінің құрметті сипаттарымен ерекше болғаны үшін Раббысы таңдаған Мұхаммед Оның құлы және елшісі екеніне куәлік етемін. Оған, жанұясына, саһабаларына және оған ерушілер мен ілесушілерге Алланың салауаты мен сәлемі болсын.

Сонан кейін:

Ислам дінінде екі куәлікті айту және оларға қатысты амал жасау негізгі рүкін болғандықтан, дағуат үмметінің көпшілігі ол екі куәліктің мақсатында білместікте болғандықтан (олардың ойынша: мақсаты - білім мен амалдан тыс, тек тіл ұшына алу), ал кейбіреулер олардың мағыналарына қайшы келетінмен тәпсірлейтіндіктен бұның төңірегінде ізденіс жұмысын жазуды жараттым. Алла жақсылық тілейтіндерден болған жақсы пиғылдары бар кісілер бұл еңбектен пайда алады деп үміттенемін. Еңбегім мына алты тараудан тұрады:

Бірінші тарау: Екі куәліктің артықшылықтары жайлы.

Екінші тарау: Екі куәлік үшін күресу және олармен келу уәжіп екені жайлы.

Үшінші тарау: "Лә иләһә илляЛлаһ" сөзінің мағынасы жайлы.

Төртінші тарау: "Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куәлік" сөзінің мағынасы жайлы.

Бесінші тарау: Екі куәліктің шарттары.

Алтыншы тарау: Екі куәлікті бұзатын амалдар жайлы.

Бірінші тарау: Екі куәліктің артықшылықтары жайлы:

Оқырман хадис және сүннет кітаптарында пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) осы екі куәлік артықшылықтарын қамтитын және олармен келген кісілерге жәннат пен разылықты, бақыт пен Алланың азабы және ашуынан аман қалуды сүйіншілеген көп және көп айтқан сөздерін табады. Олардың ішінде Убада ибн Самит (оған Алла разы болсын) жеткізген хадисі бар: "Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: "Кімде-кім серігі болмаған Алладан басқа құдай жоқ, Мухаммад - Оның құлы әрі елшісі, Иса – Алланың құлы әрі елшісі және Оның Марйамға сөйлеген сөзі әрі Оның жаратқан рухы, Жәннәт – рас, Тозақ – рас, деп куәлік беретін болса, онда оны Алла оның амалының қандай екендігіне қарай Жәннәтқа кіргізеді". Әл-Бұхари, Муслим. Бұл хадистің басқа бір нұсқасында, Пайғамбардың, оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын, былай дегені келтіріледі: "Алла оны жәннат есіктерінің сегізінші қайсысымен кірем десе де кіргізеді". Муслимнің "Сахих" кітабында және басқаларда да Усманнан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мына хадис келтіріледі: "Алладан басқа құдай жоқ" дегенді біліп қайтыс болған адам жәннәтқа кіреді". Әбу һурайра (Алла оған разы болсын): «Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: «Алладан басқа құдай жоқ және мен - Алланың елшісімін, деп куәлік беремін, ал Алланың құлдарының ішінен кімде-кім, Алланы осы екі куәлікпен (оған нық сеніп) кездестіретін болса, Онда оған Жәннәт, шексіз бұйырады!». Убада ибн Самит, оған Алланың ризашылығы болсын: "Алла елшісінің былай деп

айтқанын естідім:"Алладан басқа құдай жоқ, Мухаммад – Алланың елшісі", дегенге Алла отты харам етеді".Әнәс ибн Мәлик (оған Алла разы болсын): "Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Муаз ибн Жәбәлға былай деді:«Қай бір құл шын жүрегімен, "Алладан басқа құдай жоқ және Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі" деп куәлік берсе, онда оны Аллаһ отқа харам етеді».Утбан ибн Мәлик (оған Алла разы болсын) өзінің ұзын хадисінде: "Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:«Расында, Алла, «Алладан басқа құдай жоқ!» деп Алланың дидарынан үміттеніп айтқан әр бір адамды, отқа харам (тигізбейтін) етті!».Бұл мәтіндердің барлығы екі "Сахих" кітабында немесе біреуінде бар. Жәннатқа кіру мен оның сегіз есігінің ашылғаны, отқа харам етілуі - екі куәлікпен келудің артықшылығын көрсететіні анық. Сондай-ақ, оттан азат болу да риуаят етілген, пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:"Кімде-кім таңертең және кешке қарай былай: "Я, Аллаһ! Осы таңда (егер кешке айтылса: "Осы кеште") мен Өзіңді және Аршыңды көтеріп тұрушыларды, пайғамбарларыңды, періштелеріңді және бүкіл жаратылстарыңды ақиқатында Сен - Аллаһ, Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, әрі шын мәнінде, Мұхаммед - Сенің құлың әрі елшің екендігіне куәлік етемін", - деп бір рет айтса, Алла оның төрттен бір бөлігін оттан азат етеді; ал осы сөздерді екі рет айтса, Алла оның жартысын оттан азат етеді; ал үш рет айтса, Алла оны төрттен үш бөлігін оттан азат етеді, ал төрт рет айтса, Алла оны толығымен оттан азат етеді".Бұл хадисті Әт-Тирмизи және Әбу Дауд Әнәстан (оған Алла разы болсын) риуаят етеді. Осы сөздің артықшылығы туралы тағы осындай риуаят бар: расында, бұл сөз жаман амалдардан ауыр болады, тіпті барлық жаратылыстардан да, Алла қалаған болса. Әбу Саид әл-Худриден (оған Алла разы болсын) Ибн Хиббан және әл-Хаким оны сахих деп хадис риуаят етеді: "Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:"Мұса: "Я, Раббым! Маған Сені еске алып, Саған дұға жасайтынды үйретші", - дейді. Алла Тағала: "Я, Мұса! "Лә иләһа илләЛлаһ (Алладан басқа құдай жоқ)" де", - деп жауап береді. Мұса: "Я, Раббым! Сенің барлық құлдарың осыны айтады", - дейді. (Басқа риуаятта Мұса былай дейді: "Сенен басқа құдай жоқ! Маған ғана тиесілі сөзді қалаймын"). Алла Тағала: "Я, Мұса! Ақиқатында, егер аспандардың жетеуі және Менен басқа, оларда тұратындардың барлығы мен жерлердің жетеуі бір алақанда болып, ал "лә иләһа илләЛлаһ" екінші алақанда болса, "лә иләһа илләЛлаһ" оларды өзіне қарай аударады".Имам Ахмад Абдулла ибн Амрдан риуаят етеді: "Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді:"Шын мәнінде, Нұх (оған Алланың сәлемі болсын) ажалдың аузында болғандағы өзінің баласына айтқан сөзі: "Лә иләһа илләЛлаһ (Алладан басқа құдай жоқ)" сөзін саған әмір етемін. Егер де аспандардың жетеуі және жерлердің жетеуі бір алақанға қойылып, екінші алақанға "Лә иләһа илләЛлаһ" қойылса, "Лә иләһа илләЛлаһ" олардан ауыр болады. Ал егер де аспандардың жетеуі және жерлердің жетеуі тесігі жоқ, бітеу сақина болса, "Лә иләһа илләЛлаһ" оларды бөледі".Әт-Тирмизи және басқалары Абдулла ибн Амр жеткізген "Қиямет күні шақырылатын қағаз иесі" туралы хадисті риуаят етеді:"Оған тоқсан тоғыз (яғни, жаман амалдар) жазылған қағаздар көрсетіледі. Одан кейін "Алладан басқа құдай жоқ екеніне, Мұхаммед оның құлы әрі елшісі екенін куәлік етемін" сөзі жазылған қағаз шығады. Бір жаққа жаман амалдар, ал екіншісіне сол қағаз қойылып, жаман амалдар сілкініп, әлгі қағаз ауыр болады".

Бұл сөздің иелеріне амандық пен жеңіске пайда әкелген мына сенімді мәтіндерді көріп тұрсың. Бірақ, осы сөз қажет ететін амалдарды орындап, оны іске асыру қажет. Шын мәнінде, мына еске алынған дәлелдер жалпы түрде келген. Алайда, олар екі куәлікпен келу ықылас, шынайылық, т.б. нәрселермен байланысты болған түрде келген басқа дәлелдерге жүктеледі. Екі куәлік амал мен мінез-құлыққа әсер беретіндей болу үшін.

Екінші тарау. Екі куәлік үшін күресу және олармен келу уәжіп екені жайлы:

Екі "Сахих" кітабында Әбу Һурайрадан (Алла оған разы болсын) келген хадис: "Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:"Адамдар "Алладан басқа құдай жоқ" дегендеріне дейін олармен күресу маған әмір етілді. Кімде-кім "Алладан басқа құдай жоқ" десе, менен өзінің мал-мүлкін, жанын сақтайды. Тек олардың біреуде ақылары болмаса. Ал есебін Алла Тағаладан алады". Мұслимнің риуаятында былай делінеді:"Алладан басқа құдай жоқ" екеніне куәлік етіп, маған және мен келген шарифатқа иман келтіргендеріне дейін".Екі "Сахих" кітаптарында Ибн Омардан (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) келген хадис: "Алланың елшісі (оған

Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: "Маған адамдармен, олар, "Алладан басқа құдай жоқ және Мұхаммад – Алланың елшісі", деп куәлік бергенше, сондай-ақ намаз оқып зекет төлегенше, күресу әмірленді, ал егер олар осылардың бәрін орындаса, онда менен, бұдан былай тек Исламның хақысымен ғана алына алатын, өмірлері мен дүниелерін қорғап қалады, сол кезде олардан есепті тек қана Алла талап ете алады""."Сахих" кітабында Әнәстан (оған Алла разы болсын) келген хадис: "Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: "Алладан басқа құдай жоқ екеніне, Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік еткендеріне дейін маған адамдармен (яғни, көпқұдайшылармен) күресу әмір етілді. Ал Алладан басқа құдай жоқ екеніне, Мұхаммед Оның елшісі екенінен куәлік етсе, намазымызды оқыса, біздің құбыламызға бұрылса және біз сойған малымызды жесе - олардың қандары, мал-мүліктері бізге харам болады. Тек ислам хақымен болмаса ғана"". Бұл жөніндегі хадистер өте көп. Екі куәлікті айтып барлық ислам қабылдаған кісіні пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) осылай қабылдаған. Әбу Зар әл-Ғафаридың (оған Алла разы болсын) ислам қабылдау қиссасын тарихшылар былай деп айтып берген: "Ол былай дейді: "Алланың елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келдім де: "Әссәләму ғәлаяйқа, Алла елшісі! "Алладан басқа құдай жоқ және Мұхаммед Оның елшісі екеніне куәлік беремін", - деп айттым да оның жүзінде қуанғанын көрдім"". Және Халид ибн әл-Уәлид Медина қаласына Ислам қабылдау үшін келгені туралы айтқандары: "Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келді де, былай деді: "Саған сәлем беріп, былай деп айтамын: "Шын мәнінде, мен Алладан басқа құдай жоқ және сен Алланың елшісі екеніне куәлік етемін". Ол: "Сені тура жолға салған Аллаға барлық мақтау-мадақ болсын", - деп айтты". Осылайша Халид ибн Сағид ибн әл-Астың (оған Алла разы болсын) ислам қабылдау қиссасы да болды. Ол Алла елшісін (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кездестіріп, былай деді: "Сен кімге шақырып жатырсың?". Пайғамбар: "Сені серігі жоқ, Жалғыз Аллаға және Мұхаммед Оның құлы және елшісі екеніне, оған кім табынған және табынбағанды білмейтін, ешқандай пайда не зиян әкеле алмайтын тасқа құлшылық етуінді тастауыңа шақырамын", - деді. Халид: "Шын мәнінде, мен Алладан басқа құдай жоқ және сен Алланың елшісі екеніңе куәлік етемін", - деді. Бұл және бұларға ұқсас қиссалар екі куәлікті айту - ислам қабылдаудың шарты екенін көрсетеді. Оларды айтқан кісі дінімізге кірді де, оның қаны, мал-мүлкі сақталып, оны өлтіру харам болады. Осыған орай, пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) осы сөзді айтқан кісіні өлтірген Усаманы сөгеді. Муслимнің "Сахих" кітабында және басқаларында келтіріледі: "Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оны әскери жорыққа жіберді. Усама: "Бір ер адамды өлтіремін дегенде ол "Алладан басқа құдай жоқ" деді. Мен оны өлтірдім. Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): "Ол "Алладан басқа құдай жоқ" десе де өлтірдің бе?", - деп сұрады. Мен: "Я, Алланың елшісі, ол қарудан қорқып қана ол сөзді айтты", - дедім. Пайғамбар: "Оның жүрегін аштың ба?"; - деп сұрады". "Сахих" кітабында Жундуб әл-Бәжли хадисінде Усама: "Я, Алла елшісі, бір адам мұсылмандарға жетіп пәленше және пәленшені өлтірді. Мен оған қарай жармасып едім, қылышымды көргенде "Алладан басқа құдай жоқ" деді. Пайғамбар: "Қиямет күні келгенде "Алладан басқа құдай жоқ" сөзімен не істейсің?", - деп сұрайды". Ибн Аббастың хадисінде: "Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Муазды Йеменге жібергендегі айтқан сөзі: "Оларды ең бірінші шақыратын нәрсең ол: "Алладан басқа құдай жоқ және мен Оның елшісімін" деген куәлік болсын" әл-Бұхари, Муслим. Алланың пайғамбары (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ол замандағы өмір сүргендерге екі куәлікпен келу, олармен келгендер куәлікке байланысты амал жасап, екі куәліктің әрқайсысының Алла Тағалаға және Оның елшісіне бойсұну мен барлық ғибадат түрлерінің уәжіптерін міндетті түрде орындаулары жеткілікті еткенін көрсететін хадистер көп. "Алладан басқа құдай жоқ" сөзінің мағынасынан алынатыны - Алланы бір деп білу және көпқұдайшылық әдеттерден босау. Ал тек "Мұхаммед Алланың елшісі" сөзін айтқанмен ғана Алла елшісіне бойсұну және оған ілесу міндет болып қалады. Бұл жағдай тек бұрынғылардың таза араб тілін біліп, куәліктің мағынасын, "құдай" сөзінің мағынасын түсініп, және бұл сөздегі бекіту мен теріске шығарудың не екенін білгендерінен болып отыр. Оларды тек осы сөздерді айтқызып, сонымен шектелгендерге оқасы жоқ. Себебі, құтылудың шарты - куәліктерді айтқан кісі мағынасын біліп, қажет ететін көрнеу және көмес амалдарды орындау болғандықтан. Аллаһ Тағала былай дейді: "Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық құдай жоқ екенін біл" (Мұхаммед сүресі, 19 аят). Аллаһ Тағала айтады: "Бірақ ақиқатты біліп, куә болғандар басқа" (Зухруф сүресі, 86 аят).

Осы және т.б. аяттар куәліктің мағынасын білу - оның шарттарынан екенін баян етеді. Осыған орай, тек қана куәлікті тілінің ұшына алған мүшріктен тоқтау керек, куәлікпен оның қаны сақталады. Одан кейін оның жағдайын тексеріп, қарауға алмайынша. Егер дінге түзеліп, таухидты ұстанса, Ислам ілімдерімен амал жасаса ол мұсылман болғаны. Сауабтан мұсылмандарға тиесілі нәрселер оған да тиесілі болады. Жазалардан да мұсылмандарға не болса, оған да сол болады. Ал егер өз куәлігін қамтитындарға қарсы болып, не кейбір міндеттерді мойындамай, оларды теріске шығарса, немесе кейбір Құран мен сүннете харам етілгендерді хәләл қылса оның бұл куәлігі оны сақтай алмайды.

Қазіргі заманның ғалымдары мен қарапайымдардың көбісі білместік немесе ілесушілікпен осы күйді кешіп жатыр. Соңғы ғасырларда қарапайым халықтың көбінің діни сенімдері бұзылып, діндерін, екі куәліктің мағынасын тіпті араб тілі сөздерінің мағыналарын білмей өсіп келеді. Бұлардың көбісі екі куәліктің мағынасын түсінбей, керісінше, оларға қарама-қайшы келетін істерде батқандарына таңданатыны жоқ. Куәліктерді тек ауыздарына алумен шектеліп, мағыналарын білмей, олар қажет ететін амалдарды істемей, тек осы бос (мағынасын түсінбей) сөздерді қайталаулары - олардың мал-мүлік пен қандарын сақтап, сауап пен жақсылықтарға жету үшін жеткілікті деп ойлайды. Мағыналарына қарама-қарсы келіп, тек сөзбен шектеліп, өзін таухиді толық мұсылман санағанға дәлелдеу үшін осы екі куәліктің мағыналарына тоқтап, сөз қозғауымызға мұқтажбыз.

Үшінші тарау. "Лә иләһә илләЛлаһ" сөзінің мағынасы жайлы:

Дағуат имамдары (оларға Алла рақым етсін) тәухид сөзінің мағынасына көңіл бөлген болатын. Ол сөзді (кәлімәні) шейх Мұхаммед ибн Абдуль Уәһһаб өзінің "Сұрақ және жауап" кітапшасында бөліп белгілейді. Және "Кәшф шубуһат" кітабында және т.б. кітаптарында ол туралы айтып кеткен. Осыларды "Китаб әт-тәухид" кітабын түсіндіріп кеткен ғалымдар да әшкерелеген. Олардың бірі шейх Суләйман ибн Абдулла өзінің "Тәйсир әл-азиз әл-хамид шарх китаб әт-тәухид" атты кітабінің 53 бетінде былай дейді: ""Лә иләһа илләЛлаһ (Алладан басқа құдай жоқ)" сөзінің мағынасы: яғни, құлшылыққа лайықты бір ғана құдайдан басқа құдай жоқ. Ал ол - серігі жоқ, Жалғыз Алла Тағала ғана". Алла Тағала айтқандай:"(Мұхаммед) сенен бұрын бір пайғамбар жіберсек, оған: "Күдіксіз Менен басқа ешбір тәңір жоқ. Онда Маған ғана құлшылық қылыңдар" деп қана уахи етіп, жібердік"(Әнбия сүресі, 25 аят). Алла Тағаланың мына сөзімен бірге:"Расында әр үмметке; "Аллаға құлшылық қылыңдар, бұзықтардан аулақ болыңдар" дейтін елші жібердік".(Нахыл сүресі, 36 аят).Араб тіліндегі "иләһ" (құдай) сөзінің мағынасы "мағбуд" (яғни, оған құлшылық бағытталатын тәңір) екені сенімді хадистермен жеткен. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын)Құрайш тайпасының көпірлеріне былай деген: "Лә иләһа илләЛлаһ" (Алладан басқа құдай жоқ), - деңдер!". Олар: "Көп тәңірлерді бір ғана тәңір қылды ма? Шынында, бұл ғажап нәрсе екен!", - деді.Һуд қауымы былай деді:"Олар: "Сен бізге жалғыз ғана Аллаға құлшылық қылуымыз және ата-бабаларымыздың табынатындарын тастауымыз үшін келдің бе?"(Ағраф сүресі, 70 аят).

Ақиқатында, пайғамбар оларды "Лә иләһа илләЛлаһ" сөзіне шақырды. Ал бұның мағынасы міне мынандай: "Лә иләһа илләЛлаһ" ол - Аллаға ғана құлшылық жасап, басқаларға ғибадат жасауды тастау; тағутқа күпірлік жасап, Аллаға иман келтіру. Мына ұлы сөз қамтиды: Алладан басқасы "иләһ" (құдай) емес; Одан басқаның құдайшылығы жалғанның жалғаны, бұны бекіту зұлымдылықтың зұлымдығы; құдайшылық басқа біреуге тиесілі болмағандай, құлшылыққа Одан басқа ешкім лайық емес; Одан басқаға құдайшылықты теріске шығару, құдайшылықты серігі жоқ, Жалғыз Оған ғана бекіту. Ал бұл дегеніміз тек қана бір құдай болу керектігіне, Онымен бірге басқа біреуді құдай деуді теріске шығаруға апарады. Бұл бекіту мен теріске шығарудан оқырманның түсінетіні осы. Мысалы: бір адам екінші бір адамнан куәлік не пәтуә сұраса, ал ол кісі одан сұрауға лайықты емес болса, сенің айтарың: "Бұл кісі не куә не муфтий емес қой; Муфтий - пәленше, ал куәгер - пәленше". Бұл сенен болған бекіту және теріске шығару болып саналады.

Құдайшылыққа Аллаға деген жүректің махаббат пен бойсұнумен болған барлық ғибадаттың түрлері, серігі жоқ, Жалғыз ғана Оған мойынсұну жатады. Дұға, қорқыныш, махаббат, тәуекел, тәубеден кейін оралу, тәубе, құрбандық шалу, нәзір, сәжде секілді және ғибадаттың барлық

түрлерімен Алла Тағаланы бірлеу уәжіп; бұның барлығын серігі жоқ, Жалғыз Аллаға ғана бағыттау керек. Ал кімде-кім Аллаға ғана бағытталатын құлшылық-ғибадаттарды басқа біреуге бағыттаса, ол "лә иләһа илләЛлаһ" десе де мүшрік болады. Себебі, бұл сөздердің ықылас пен тәухидтен талап ететін амалдарды істеген жоқ.

"Иләһ" (құдай) сөзінің мағынасы туралы ғұламалардың айтқан сөздері бар:

Ибн Аббас (оған Алла разы болсын) былай дейді: "Құдайшылық пен барлық жаратылыстарының құлшылық жасаулары Оған ғана тән". Ибн Жәрир, Ибн Әбу Хатим.

Әл-уәзир Әбу әл-Музаффар өзінің "әл-Ифсах" кітабында: ""Лә иләһа илләЛлаһ" куәлігі - куәгер Алладан басқа құдай жоқ екенін білуін қамтиды. Алла Тағала айтқандай:"Аллаһтан басқа (құлшылыққа лайық) құдай жоқ екендігін біл"(Мұхаммед сүресі, 19 аят)".Кәлимәны айтқан кісі оған куәлік ету керек. Алла Тағала анық түрде айтқандай, хаққа куәгер өзінің куә қылатын нәрсесін білмесе, ол куәлік қылатынға өзінің білімі тулары шынайылықта толық емес түрде болғаны, Алла Тағала айтқандай:"Ақиқатты біліп, куә болғандар басқа"(Зухруф сүресі, 86 аят).

Былай делінеді: Алланың аты араб тілінде "иллә" деген сөзінен кейін дамма хәрәкатымен келеді, ал ол Оған құдайшылық уәжіп, Одан басқа ешкім оған лайық емес дегенді білдіреді. Және былай: бұл сөз, сенің мынаны мойындағаныңды қамтиды: әрбір дүниеге келген нәрсе құдай бола алмайтынды білуің; егер "лә иләһа илләЛлаһ" десең, ол сөзің Алладан басқасы құдай емес екенін қамтып, бұнымен Жалғыз Алланы бірлеу саған міндет болады. Және былай делінеді: Бұның барлығының пайдасы - куәлік тағутқа күпірлік пен Аллаға иманды қамтитынды білуің. Сен құдайшылықты басқа біреуде болғанын теріске шығарып, Аллаға уәжіп қылсаң, тағутқа күпірлік жасап Аллаға иман келтіргенің.

Әбу Абдулла әл-Қуртуби "лә иләһа илләЛлаһ" сөзін былай тәпсірлеген: "Одан басқа құдай жоқ. Яғни, Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ".

Әз-замахшари: ""Иләһ" (құдай) деген араб тілінде "ер адам" не "ат" секілді зат есімдерге жатады. Бұл есім хақ не жалған болса да барлық құлшылық жасалынатынға айтыла беретін, уақыт өткен соң хақымен құлшылық жасалынатынға айтыла бастады", - деді.

Шейхуль Ислам: ""Иләһ" (құдай) ол - оған құлшылық жасалынатын және оған бойсұнылатын", - деді.

Және "лә иләһа илләЛлаһ" жөнінде былай деді: "Алла Тағаланы құдайшылықта жалғыз екенін бекіту. Құдайшылық білімінің, күш-қуатының, рақымшылығының, даналығының кәмілдігін қамтиды. Және ішіне Оның пенделеріне деген ықыласы да кіреді. "Иләһ" (құдай) ол "ма'луһ" (құлшылық жасалынатын), ал "ма'луһ" ол сондай құлшылыққа лайықты. Ал Ол неге құлшылыққа лайықты болғаны - Оның құдайда болу керек сипаттарымен сипатталғанынан. Ол - махаббаттың ең жоғары дәрежеде жақсы көріледі, және бойсұнушылықтың ең жоғары деңгейінде бойсұнылады".

Ибн әл-Қайим (оған Алла рақым етсін): ""Иләһ" - ол махаббатпен, ұлылығын сезінумен, тәубеден кейін оралумен, құрметтеумен, ұлықтаумен, әлсіздікпен, бойсұнушылықпен, қорқынышпен, үмітпен және тәуекелмен жүректер құлшылық жасайтын құдай", - деді.

Ибн Ражаб (Алла оған рақым етсін): ""Иләһ" - ол оны қасиеттеп, ұлықтап, жақсы көруменен, қорқыныш пен үмітпен, оған тәуекел жасап мойынсұнбаушылық көрсетпей бойсұнатын құдай. Ал бұның барлығы тек Алла Тағалаға ғана жасалмаса, жарамайды. Кімде-кім мына құдайшылық қасиеттерінен болған жағдайлардың бірімен болсын Алламен бірге жаратылғанға да амал жасайтын болса, оның ықыласында кемшілік, ал "лә иләһа илләЛлаһ" сөзінде, таухидінде мін болғаны. Бойында жаратылғанға құлшылық жасауы қаншалықты болғаны - сонша кемістіктің болғаны. Ал бұның барлығы - ширктің (көпқұдайшылықтың) тармақтарынан болып табылады", - деді.

Әл-Бақағи: "Лә иләһа илләЛлаһ" яғни: Ұлы Патшадан басқа құлшылыққа лайықты құдай бар деуді ең жоғары деңгейде теріске шығару. Шынында, бұл білім - Қиямет күнінің қорқыныштардан құтылатын ең ұлы насихат. Ал ол насихат қандай жағдайда білім бола алады? Егер оның

пайдасы болса ғана. Ал пайдасы болу деген сөз, ол бойсұну мен қажет ететін амалдарды жасау. Ал егер бұлар болмаса - алдамшы надандық қана", - деді.

Ат-Тыби: ""Иләһ" сөзі араб тілінде "мафғул (оған жасалынған)" мағынасында, "кітап" деген сөз "мактуб (жазылған)" мағынасында сияқты (яғни, "иләһ (құдай)", "мә'луһ (оған құлшылық жасалынған)" деген мағынада)", - деді. Соған ұқсас сөздер ғалымдардың арасында өте көп кездеседі. "Иләһ" (құдай) сөзінің мағынасы "мағбүд" (оған құлшылық жасалынатын) екені ғалымдардың ижмағы болып саналады. Қабірлерге табынатын мен оларға ұқсастардың сенімдерінше "Иләһ" сөзінің мағынасы оның шынайы мағынасына мүлдем қарама-қайшы. Бұлар "Иләһ" сөзінің мағынасы - "Жаратушы", немесе "болмаған нәрселерді болдырушы" не соған ұқсас сөздерді қолданып, солай ойлайды. Мәйіттерден дұға сұрау, қиыншылықтарда олардан жәрдем сұрау, мұқтаждықтарын өтеп берулерін сұрау, ауыр жағдайларында оларға нәзір беріп, олардан аспан мен жер Раббысының алдында шапағат етулерін сұраулары және ғибадаттың басқа да түрлері сияқты Алладан басқаға құлшылық жасағандарына қарамай, "иләһ" сөзін өздерінің қате мағыналарында айтып, таухидтің максималды дәрежесіне жетеді деген пікірде. Бұрынғы арабтардың мүшріктері де олармен бірге сондай шешімде болғандарын да сезген жоқ. Алла Тағала Жаратушы және болмаған нәрселерді болдырушы екенін біліп Оған ғибадат түрлерін жасайтын болған. Әбу Жәһл, Әбу Лаһаб және оларға ерген исламдағы қабір табынушылар үкіміндегілер қорланды. Діндері Таза Ислам деген Уәд, Суағ, Яғус, Яғуқ, Насрларға табынғандар да қорланды! Егер "иләһ (құдай)" сөзінің мағынасы расында да олар дегендей болса, онда мүшріктер мен пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) арасында ешқандай тартыс болмаушы еді. Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оларға "лә иләһа илләЛлаһ" сөзін "Алладан басқа болмағанды болдырушы (жаратушы) жоқ" деген мағынада ғана айтыңдар десе, олар: "естідік те, мойынсұндық", - деп, оған жауап беру үшін асығып, дағуатына еруші еді. Алла Тағала былай дейді: "Егер олардан: "Кім жаратты?",- деп сұрасаң, әлбетте: "Алла" дейді"(Зухруф сүресі, 87 аят)."(Мұхаммед) егер олардан: "Көктер мен жерді кім жаратты?",- деп сұрасаң, әрине: "Оларды өте үстем, аса білуші Алла жаратты" дейді""(Зухруф сүресі, 9 аят)."(Мұхаммед): «Сендерді аспаннан, жерден кім ризықтандырады? Құлаққа, көздерге кім ие? Өліден тіріні, тіріден өліні кім шығарады? Әр істі кім игерді?»,- де"(Юнус сүресі, 31 аят).Және осыған ұқсас аяттар көп.Бірақ олар, араб тілінің иелері болатын. "Иләһ" сөзін шынайы мағынасымен түсініп, ол сөз мәйіттерден және пұттардан дұға сұраудың түп негізін жоюшы, құдайшылықты басқа біреуге аудару мен Алладан басқасынан шапағат сұрауды аударып, басынан құртушы сөз екенін түсінген. Сосын олар былай деді: "Біз бұларға, Аллаға жақындастырсын деп қана табынамыз"(Зүмәр сүресі, 3 аят).«Олар, Алланың қасында шапағатшымыз»(Юнус сүресі, 18 аят).«Тәңірлерді бір-ақ тәңір қыла ма? Әрине бұл тым таңғажайып нәрсе"(Сад сүресі, 5 аят).Оған қарағанда, күпіріктің атасы Әбу Жәһл "лә иләһа илләЛлаһ" сөзінің мағынасын жақсы білген адам құрысын! Алла Тағала былай деді: "Расында оларға: "Алладан басқа ешбір тәңір жоқ" делінген кезде, менменсіген еді. Олар: "Жынды бір ақын үшін рас тәңірлерімізді тастайық па",- десті"(Саффат сүресі. 35-36 аяттар).Ол сөз Алладан басқаға құлшылықты тастауды және ғибадатта Алланы бірлеуді қажет ететінді олар жақсы білген. Қабір табынушыларға ғибадат пен дұғаларындағы ықыластарыңды Жалғыз Аллаға ғана бағыттандар делінсе, олар: "Қажеттерімізді орындайтын шапағатшыларымыз және қожайындарымызды тастаймыз ба?", - дейді. Оларға: "Иә, ал бұл тастағандарың және ықыластарың - хақ", - делінеді. Алла Тағала айтқандай: "Әрине ол, шындықты әкелген әрі елшілерді мойындаған еді"(Саффат сүресі, 37 аят). "Лә лиәһа илләЛлаһ" сөзі теріске шығару және бекітуден құралады: Теріске шығару болса ол: Алладан басқадан құдайшылықты теріске шығарасың. Алладан басқа, Періштелер, пайғамбарлар басқалардан қандай жоғары мәртебеде болсада олар құдай емес. Оларға ешқандай ғибадат жасалынбайды.

Ал бекіту ол: құдайшылықты тек қана Жалғыз Аллаға ғана бекітесің. Пенде Одан басқаға ғибадат қылмайды және құлшылықтың еш нәрсесін де басқасына бағыттамайды мағынасында. Ол дұға, құрбандық шалу, нәзір және т.б. ғибадат түрлерімен бағыттауды қажет ететін жүректің байлануы.

Ал енді қорытындылайтын болсақ, Алладан басқаға құлшылық етілмейді, яғни, Одан басқаға ғибадат жасалынбайды. Бұл сөзді мағынасын біліп айтса, ол қажет ететін амалдарды орындаса, олар: ширкті теріске шығару, жалғыздықты Аллаға бекітумен бірге нені қамтитынына берік сеніп амал жасаса - нағыз мұсылман болғаны. Егер сенімі жоқ тек көрнеумен ғана амал жасаса - мұнафық болғаны. Ал егер ол сөзді айтса да, бірақ оған қайшы ширк амалдарынан жасаса - кәпір

болғаны. Яһудилер бұл сөзді айтса да, олардың жағдайлары күпірлік пен ширкте болғанын; ал мұнафықтар көрнеумен амал жасап, олардың соңы тозақтың ең төменгі дәрежесінде болғанын көрмейсің бе? Оларға кәлимә пайдасын әкелмеді. Солар сияқты, парыз бен хақтарыннан бас тартып исламнан шыққандар да жүз мың рет кәлимәны айтса да оларға пайда жоқ. Қабірлер мен пұттарға табыну секілді Алладан басқаға ғибадат түрлерін бағыттағандардың да ахуалдары сол. Оларға пайда жоқ және бұл кәлиманың артықшылығы жөніндегі хадистерге кірмейді. Таухид сөзін адам мүшрік (яһуди, мұнафық, қабірлерге табынушы) халінде де айта алатындықтан пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: "серігі жоқ Жалғыз Алла" деп ескертеді. Бұлар секілділер пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қауымын "лә иләһа илләЛлаһ" сөзіне шақырғанда, тек ауызбан ғана айтуға шақырды деп ойлады. Ал бұл деген нағыз надандық. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шын мәнінде, оларды бұл сөзді айтып қана қоймай, мағынасымен амал жасауларына және Алладан басқаға құлшылық жасауды тастауларына шақырды. Сол себепті олар былай деді: "Жыңды бір ақын үшін рас тәңірлерімізді тастайық па" (Сафват сүресі, 36 аят). Және былай деді: "Тәңірлерді бір-ақ тәңір қыла ма?" (Сад сүресі, 5 аят). Сол себепті, олар бұл сөзді айтуға бас тартты. Ал кәлимәні айтса да, Ләт, Ғуза, Манат пұттарына табынуда қалулары үшін мұсылман болмайды. Осылайша, жалған мысалдарын және оларға табынуды тастап, серігі жоқ Жалғыз Аллаға құлшылық жасауларына дейін пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) олармен күресті. Бұл Құран, сүннет және ижмағтан зәрулікпен белгілі болған жайт. Ал қабір табынушылар болса, кәлиманың шынайы мағынасын білген жоқ; серігі жоқ Жалғыз Аллаға ғана бекітілген құдайшылықты, Алладан басқаға теріске шығаруды да білмеді; тек мүмін мен көпір де мойындайтын мағынаны ғана білді. Жаратылғандардың барлығы да кәлимәнің мағынасы - Алладан басқа жаратушы жоқ, немесе "иләһ" мағынасы - барлығынан бай, ал Одан басқасы оған мұқтаж, және сол сияқты мағыналарға келісті. Иә, бұл рас, және бұл құдайшылықтың міндеттерінен болып саналады. Алайда, бұл "лә иләһа илләЛла" сөзінің мағынасының мақсаты емес. Мына мағыналардың мөлшерін бұрынғы көпірлер де біліп, ол сипаттарды мойындап, өздерінің пұттарына ол сипаттарды меншіктеген жоқ. Тіпті, өздерінің кедей екенін және Аллаға деген мұқтаждықтарын мақұлдаған. Олар серігі жоқ Жалғыз Алла ғана жан беру мен оны алу, ырзық, билеу, жарату сияқты барлық өмірлерді иемденеді деген түсінікте, бірақ та, пұттарына талап еткендеріне, қажеттерінің соңы табысты болуы үшін шапағатшы, дәнекер ретінде табынды. "Лә иләһа илләЛла" сөзінің шын мағынасын біліп, оны айту мен онымен амал жасаудан бас тартты. Құдайшылықта (иләһия) ширк жасаулары үшін оларға таухид рубубия ешқандай пайда әкелмеді. Алла Тағала айтқандай: "Олардың көбі Аллаға иман келтірмейді. Сондай-ақ олар ортақ қосады" (Юсуф сүресі, 106 аят).

Қабір табынушылар кәлимәні сөзбен айтты, бірақ мағынасында білместікте болып, мағынасымен жүруден бас тартып; бұл сөзді айтып, мағынасын білмей, амалын да жасамайтын яһудилер сияқты болды. Олардан біреуін сол сөзді айтып тұрып, Алладан басқаға махаббат, бойсұну, ұлықтау, қорқыныш, үміт, тәуекел, қиыншылықтарда дұғамен құлшылық жасауларын көресің. Алладан басқаға жүрек құлшылықтарынан болатын ғибадат түрлерін бағыттап, бұрынғы мүшріктер жасағандарынан да әлдеқайда ауыр жағдайда болады.

Сондықтан да, олардың біреуіне Алламен ант бер десен, өтірік болсын шындық болсын Алламен ант бере береді. Ал егер оған: "Пәленше шейхтың өмірімен не ол жатқан жердің топырағымен т.с.с. ант бер", - десен, өтірік айтқан болса ант бермейді. Себебі, жерде көміліп жатқан раббылардың Раббысынан жүрегінде ұлы болып тұр. Бұрынғылар ондай болған жоқ. Керісінше, антын күшейткілері келсе Алла Тағаламен ант беретін. Бұхаридің "Сахих" кітабындағы жәһилият заманында болған "Ант беру" қиссасында айтылғандай.

Бұлардың көбісі қабірдің қасында не басқа жерде оған құлшылық жасап жатқаннан жәрдем сұрау - мешітте Алладан сұраудан пайдасы көбірек және нәтижесі табыстырақ деген пікірде. Бұл жөнінде ашық түрде айтып, ол туралы хикаялары өте көп. Бұл ондайға дейін бұрынғылардың ширкі жетпеген жағдай. Бұлар болса, бастарына қиыншылық келсе, топырақта көміліп жатқандарға ықыластарын көрсетіп, есімдерін дауыстап, суда не құрлықта болсын, сапар не оралуда болсын олардан пәленің зиянын алулары үшін дұға сұрайды. Бұны да бұрынғылар істеген жоқ. Керісінше, бұрынғылар осындай жағдайда болса, шын ықыластарымен Үлкен Аса Жоғары Аллаға сыйынатын. Алла Тағаланың мына сөзін оқы: "Қашан олар кемеге отырса, дінін Аллаға ықыласпен арнаған түрде жалбарынады" (Анкабут сүресі, 65 аят). Және мына

сөзін:"Сендердегі әр нығмет Алладан. Сонан кейін сендерге зиян жетсе, сонда оған жалбарынасыңдар. Сонан соң Ол, қиыншылықты айықтырған сәтте, бір бөлімдерің, Раббыларына ортақ қосады"(Нахл сүресі, 53-54 аят).

Көбісі мешіттерді қойып, қабір мен мазарларда тұратын болды. Егер ұлықтайтын мазарына барса, мазардың иесінен жылаған, бойсұнған, кемсінген, бағынған түрде дұға сұрайды. Алайда, бұл істерді жұма, жамағат намаздарында, түнгі тәһәжжүт намазында, намаздардан кейін де істемейді. Қабірдегі жатқаннан күнәларының кешірілуін, қайғыларын кетіруін, оттан құтылуын, желкелерінен ауырлықтарын босатуын сұрайды. Ғалымды айтпай-ақ қояық, ақыл иесі бар адам, бұларға мына амалдарымен "лә иләһа илләЛла" сөзі қандай пайда бере алады деп ойлайды? Кәлимәны тілдерімен ғана айтып, сенімдері мен амалдарымен қайшы келді. Бұл шаһаданы мүшрік айтып, оған қоса Мұхаммед Алла елшісі екені туралы куәлік айтса, бірақ "иләһ" сөзінің, "Алла елшісі" дегеннің де мағынасын білмейді. Осылайша намаз оқып, ораза ұстайды, қажылық жасайды, бірақ ол амалдардың не екенін білмейді. Ешқандай ширк амалдарын жасамайды, тек осылай істеген адамдарды көріп, олардың арттарынан еріп жүре береді. Шын мәнінде, мұндай адамның мұсылман емес екендігінде ешқандай күдік жоқ! Он бірінші ғасырдың басында немесе оның алдында бір кісінің жағдайы осындай болып, Марокко ғалымдарының барлығы оның исламы жоқ деп пәтуә берген. Осы жағдайды "Әд-дәр ас-самин фи шархиль-муршид әл-мағин" есімді кітапта Мәлик мазһабының ғалымы айтып кеткен. Ал одан кейін бұл кітапты түсіндіруші ғалым: "Бұл жағдайға осындай пәтуә берілді.

Мазарларға табыну бұдан әлдеқайда нашар! Себебі, олар құдайшылықты әр түрлі қожайындарына тиесілі деп сенеді.

Егер мынандай сұрақ туып жатса: ""Иләһ" және "иләһия (құдайшылық)" сөздерінің мағыналары енді баян етілді. Ал енді "иләһ" сөзінің мағынасы "болмағанды болдырушы" және соған ұқсас сөздерді айтатындарға қандай жауап болады?"Былай айтылады:"Жауап екі жақтан болады:Біріншісі:Мындай сөз бидағатшының (дінге жаңалық әкелуші) сөзі. Ғалымдардың және тіл мамандарының бірі ол сөзді айтқандары белгісіз. Ғалымдар мен тіл имамдары кәлимәнің мағынасын біз ескертіп кеткендей мағынада түсіндірген. Демек, бұл сөз - жалған.Екіншісі:Егер бұл сөзді жалған демесек, ол шын құдайдың міндеттерінен болады. Себебі, құдай деген болмаған нәрселерді болдыруға күші жетіп жаратушы болу керек. Ал егер ондайы болмаса, "иләһ (құдай)" деп аталса да, ол шын құдай емес. Кәлиманың мақсаты - кім "иләһ" дегенді тек "болмағанды болдырушы" екенін біліп қана, исламға кіріп, мақсаттарына жетіп, жәннаттың кілтін алады деген сөз емес! Шын мәнінде, бұндайды ешкім айтпайды. Себебі, олай болса, бұрынғы кәпір арабтар да мұсылман болғандары. Қазіргі заманда кейбіреулер оларды мұсылман қылса да, оларға Құран, сүннетте келген дәлелдер мен ақыл ойдан келген дәлелдермен жауап қайтарылады".

Төртінші тарау. "Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куәлік" сөзінің мағынасы жайлы:

"Шаһада" сөзі екі куәлікті де айтудың белгісі болғандай, және екеуі де бірінің артынан бірі келіп, бір-бірінен ажырамайтындай, солайша куәліктермен келген әрбір кісіге осы сөздердің қандай мағынада екенін білу, оған сену, оны өмірі мен жолында қолдану - уәжіп. "Лә иләһа илләЛла" сөзінің мақсаты тек оны айту емес екендігін білгеннен кейін, оған ілесетін сөз де дәл солай екенін біл. Оны шындық деп, мағынасы мен қажет ететін амалдарға берік болу қажет. Ал ол деген - Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Ұлы Раббысынан жіберілгеніне; Алла Тағала оған шарифатты үндеу ретінде жүктенге; осы үндеуді үмметіне жеткізуін міндет қылғанына; ал бүкіл үмметке үндеуді қабыл алып, сүннетімен жүруін парыз қылғанына үзілді-кесілді сену. Бұл іздеу жұмысы кейбір мән-жайларды білуге мұқтаж. Осы жайттармен әсер алу және көз жеткізу жүзеге асады. Әсер алу, көз жеткізу - "шаһаданың" пайдасын алып, оны орындау үшін. Ол мына мән-жайлар:

Біріншісі:Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ол үндеуге (рисәләға) қабілетті екендігі:Аллаһ Тағала айтты:"Раббың қалағанын жаратады да сұрыптайды"(Қасас сүресі, 68 аят).Және Аллаһ Тағала айтты:" Алла елшілікті қалай басқаратынын біледі"(Әнғам

сүресі, 124 аят).Және Аллаһ Тағала айтты:"Сөз жоқ, олар, қасымызда таңдаулы игі-жақсылардан"(Сад, сүресі, 47 аят).

Алла елшілерінің барлығы адамдардан болып, оларды Алла Тағала Өзінің үндеуін көтере алатындай, шарифаты мен дініне аманатшыл болатындай, Раббы мен пенделерінің арасындағы дәнекер бола алатындай басқаларынан ерекшелеп, оларды таңдап, тазартқанын көрсететін мына аяттар және оларға ұқсас аяттар бар.

Және Алла Тағала бізге Оның елшілерін өтірікші қылған кейбір үмметтер елшілеріне айтқан сөздері туралы былай деді:"Сендер де біздей-ақ адамсыңдар"(Ибраһим сүресі, 10 аят).Алла елшілерінің жауабы мынандай болатын:"Әрине біз сендер құсаған адам баласымыз. Бірақ Алла (Т) құлдарынан кімді қаласа, соны сыйлыққа бөлейді"(Ибраһим сүресі, 11 аят).Біздің Мұхаммед пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) елшілердің соңғысы және абзалы болғандықтан, алдыңғы пайғамбар мен елшілерде болмаған нәрселерге ие болғандықтан, оған таңдау мен сұрыптаудың көп тарабы берілгенінде ешқандай күмән жоқ. Ол таңдау мен сұрыпталумен ол жын мен адамдардың барлығына жіберілген болатын. Алла Тағала былай деді:"Шын мәнінде сен әлбетте ұлы мінезге иесің"(Қалам сүресі, 4 аят).Муслимнің "Сахих" кітабында Аишадан (оған Алла разы болсын) мына хадис келтіріледі:"Оның мінезі Құран болатын".Аиша анамыздың айтқысы келгені, пайғамбарымыз Құрандағы көркем мінезді өмірінде қолданатын және әрбір ақыл иесі жақсылығын мен жайлылығын көре алатын жақсы амалдарды істейтін. Уахи түскенге дейін де оның бойында аманатты сақтау, шыншылдық, адалдық, пектік сияқты т.с.с. сипаттары басым болып, тіпті Мекке тұрғындары "Садық Амин (адал аманатшыл)" деген лақап айт қойып солай біліп танитын. Пайғамбарлық келген кезде ол сипаттар бойында нығайып, арта түсті. Кең пейілділік, жомарттық, момындылық, сабырлық, ержүректілік, шүкірлік, әділдік, тазалық, қарапайымдылық, батылдық сияқты сипаттардың ең үлкен дәрежелерімен өз-өзін көркемдеп отыратын. Бұл туралы көптеген мысалдар сира және тарих кітаптарында жазылып кеткен. Елеулі заттарды терістейтіннен басқасы оған ешкім қарсы шықпайды.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сондай сатқындық, ұрлық, жалқаулық, әлсіздік, қорқақтық, өтірік, төкаппарлық, жәбірлік, зұлымдық, дүниеқоңыздық, сараңдық сияқты сипаттарды істеушіні арамдылық пен келемеждеуге апарып, ерлікті құлатып, ұятты кетіретін мінез-құлықтарды түзейтін, кемшіліктерді тазартатын кісі еді.

Екіншісі:Пайғамбардың қателерден пәк болуы:

Пайғамбарлар үлкен күнәлардан пәк екендігіне бүкіл үммет келіскен. Себебі ол сұрыптау мен таңдауға қарама-қайшы болып, Алла Тағала Өзінің үндеуін оларға жүктегенінен. Сондықтан да, пайғамбарлар үмметтеріне үлгі болып, күнә мен күпірлікпен айналысудан, пасықтық, мойынсұнбаушылықтан адамдарды есекертулері керек. Егер де оларда мына үлкен қателердің бірі орын алатын болса, дұшпандары бұнымен оларды қорлауда күш алушы еді; шарифаттарына наразылық көрсетуші еді. Ал бұл деген Алла Тағаланың даналығына қайшы болып тұр. Пайғамбарларды Ақырет күнінен алаңдататын дүние құмарлықтарын азайтулары, Алла Тағала оларды дүниетәрлікте үлгі мен өнеге қылуы, жоғарыда айтылған бұзақылықтардан сақтауы, әрі бұлардан тыю мен зардабы жаман екенін баян етулерін жүктегені - Алла Тағаланың мейірімі. Кіші күнәлар болса, пайғамбарларда бола алады, бірақ уахи емес, өздері дұрыс деп санаған кезде, және кіші күнә жасаймын деп шешім қабылдамайды. Болса да, әділеттерінің қорлауы бола алмайды; пайғамбарлыққа да қарсы келмейді; шын мәнінде, ешқайсысы да ғайып іліміне қол жеткізген жоқ, адамзаттан болғандырының нышаны, оларға раббылық сипаттарынан берілгені дұрыс емес екенінің белгісі.

Кейбір кіші күнәлар туралы тәпсіршілер мен ғылым иелері бұрын айтқан. Мына Алла Тағаланың айтқан сөзі секілді:"Сондай күндіз-түні Раббыларына жалбарынып, Оның дидарын тілегендерді қума..."(Әнғам сүресі, 52 аят).Және мына сөзі:"(Мұхаммед) олар сені, саған уахи еткенімізден басқа нәрсені, бізге жала жапсыртып бұзуға жақындады. Сол уақытта олар, сені дос тұтады.Егер біз сені бекемдемесек еді, әрине оларға біраз бейімдеуге жақындар едің"(Исра сүресі, 73-74 аяттар).

Осы сияқты жағдайларда айқын пайдасын көріп ойымен қалаған істерді істеді. Бірақ Алла Тағала бұл істер жүзеге аспайтынын білді.

Ал мойынсұнбау мен үлкен күнәлар болса, Алла Тағала пайғамбарды оған ниеттену мен істеуден сақтады. Осы амалдар сұрыптау мен таңдау сипаттарына қарсы келгендіктен және пайғамбардан риуаят етілгендей оның мойынсұнбаушылық, пасықтық, күпірліктен ескерткеніне қарсы болғаны үшін. Ал Алла Тағаладан жеткізген уахи жолымен келген шарифатына келсек, осы тақырыпты зерттейтін ғалымдардың айтуынша пайғамбар шарифатты жеткізгенде күнәлардан пәк екеніне бүкіл үммет келісті. Тіпті барлық пайғамбарлардың Алла Тағаладан жеткізулерінде қателері болмаған. Алла Тағала елшісін пайғамбарлыққа дейін де ширк пен ерсілік, т.с.с. сипаттардан сақтаған болатын.

Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөзі риуаят етілді: "Жәһилиятта адамдардың жасағандары мені қызықтырған жоқ. Алла Тағала мені үндеуімен құрметтегенше дейін жамандықтары да қызықтырған жоқ". Бұл хадисті Қады Фияд өзінің "Шифа" кітабында және басқаларда да айтып кеткен.

Ибн Исхақ "Сира" кітабында: "Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жастық шағы Алла Тағаланың қарауы мен сақтауында болып, оны жәһилияттың ласы мен ұяттысынан қоршаған. Өз қауымының дінінде болса да, одан игілік пен үндеу жеткізу талап етіледі. Бұл ахуалымен қауымының ішінде ең ержүрек, ең келбеттісі, онымен араласқанда ең құрметтісі, ең жақсы көрші, ең ұлы мінезді, ең аманатшыл, ерсілік пен ерлерді тазалық пен құрметте деңгейін түсіретін мінез құлықтан ең алыс болып, қауымында "әмин (аманатшыл)" лақап атымен аталғанына дейін жетті. Алла Тағала мына сипаттарды кішкентай кезінде және жәһилия күйінде бойына сіңірген".

Үшіншісі: Оның (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үндеуі барлығына жіберілуі. Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басқа пайғамбарлардан көптеген ерекшеліктерімен өзгеше болды. Имам әл-Бұхари мен Муслим келтірген Жәбірдің хадисінде кейбір ерекшеліктері айтылған: «Маған менен бұрын ешкімге берілмеген бес нәрсе берілді: Айшылық жердегі дұшпанның жүрегіне қорқыныш ұялату арқылы жеңіске ие болдым. Жер жүзі маған мешіт пен тазаланатын мекен етілді. Ғанимет менен бұрынғы өткендердің ешбіріне адал емес-тін. Міне, сол маған адал етілді. Әрі маған шафағат (хұқы) берілді. Әрбір пайғамбар өз еліне ғана жіберілген болатын, ал мен күллі адамзатқа елші етіп жіберілдім». Пайғамбар, (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), былай деді: "Қызылға да қараға да жіберілдім" (хадисті Муслим риуаят етті). Осыған орай, бүкіл адамзатқа оған бойсұнып, оның жолына ергендері жөн. Шын мәнінде, оларды барлығы оның үмметі және дағуат үмметі. Алла Тағала былай деді: "Сені біртұтас адам баласына қуандырушы, қорқытушы етіп қана жібердік" (Сәбә сүресі, 28 аят). Яғни, бүкіл адамзатқа. Және Аллаһ Тағала айтты: "Мұхаммед), "Әй адам баласы! Мен барлығыңа Алланың елшісімін", - де" (Ағраф сүресі, 158 аят). Құранда барлық адамдарға арналған Алла Тағаланың мына сөздері сияқтылары түсірілді: "Әй Адам баласы! Раббыларыңа құлшылық қылыңдар" (Бақара сүресі, 21 аят). Және Аллаһ Тағала айтты: "Әй адам баласы! Рас сендерге Пайғамбар, Раббыларыңнан хақиқатты келтірді. Сондықтан иман келтіріңдер, сендер үшін жақсы" (Ниса сүресі, 170 аят). Және Аллаһ Тағала айтты: "Әй адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. Сондай-ақ сендер үшін бір ашық нұр түсірдік" (Ниса сүресі, 174 аят). Бұл жерде Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) және Раббысынан келген шарифаты туралы айтылып отыр. Бұл мәтіндер күллі адамзатқа Мұхаммед үндеуіне ерулері жүктелгенін және оған бойсұнулары керек екенін көрсетеді. Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамзатқа жіберілгеніндей, жын әлеміне де жіберілгені туралы мағлұмат кең таралып кетті. Бұны Алла Тағаланың мына сөздері дәлелдейді: "Мұхаммед) Сол уақытта саған жындардан Құран тыңдайтын бір топты келтірген едік. Олар жетіп келген сәтте: "Үндемеңдер" десті. Сонда оқылуы біткен кезде, елдеріне ескертуші болып қайтты" (Ахқаф сүресі, 29 аят). Мына сөзіне дейін: "Әй халқымыз! Алланың шақырушысын (Мұхаммедті) қабылдаңдар. Және Аллаға иман келтіріңдер" (Ахқаф сүресі, 31 аят). Мына аят та осындай: "Мұхаммед) Оларға: "Жындардан бір тобының Құран тыңдағаны маған уахи етілді" де. Сонда жындар: "Шынында бір ғажайып Құран тыңдадық" деді. "(Құран), бізді тура жолға салады. Енді соған иман келтірдік" (Жын сүресі, 1-2 аяттар). Яһуди мен христиандар (оларға Алланың лағынеті болсын) Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үндеуі тек арабтарға ғана келді деп айтты. Үндеуінің дұрыстығына көздері жетіп, ол қандай мұғжизалармен қолдау тапқанын, артынан қаншама адам ергендерін көргеннен кейін осы сөздерді айтып отыр. Пайғамбарымыз Рабысынан жіберлігеніне қарсы ешқандай құптау таба

алмады, бірақ-та тәкаппарлық пен мансап-табыстарын жақсы көрулері оған еруді тастауға итерді. Пайғамбар үндеуінің дұрыс болғандықтан және ол шындық айтқандықтан, оған түскен нәрселер Алладан келген уахи екенін мақұлдады, сонымен бірге үндеудегі оларға арналған әмірлерді қабыл етпеді. Алла Тағала айтқандай: "Жандарыңдағы Тәуратты растаушы Мен түсірген Құранға сеніңдер. Сондай-ақ оған алғаш қарсы келушілерден болмаңдар. Және де аяттарымызды аз ғана бағаға айырбастамаңдар (дүниелік үшін бұрмаламаңдар) да Менен ғана қорқыңдар. Хақиқатты бұзықтыққа араластырмаңдар да сондай-ақ біле тұра шындықты жасырмаңдар" (Бақара сүресі, 41-42 аяттар). Және бұған ұқсас аяттар да бар. Төртіншісі: Үндеуді жеткізгені: Алла Тағала айтты: "Әй Пайғамбар! Раббың тарапынан түсірілгенді жалғастыр. Егер оны істемесең, елшілік міндетін жалғастырмаған боласың" (Мәйда сүресі, 67 аят). Бұл Раббысынан болған міндет. Барлық пайғамбарлардың уәзипасы болғандықтан, Мұхаммед олардың бірі болғандықтан осы міндетті орындау қажет. Алла Тағала былай деді: "Саған жеткізу ғана міндет" (Шура сүресі, 48 аят). Және былай деп айтты: "Пайғамбарға ашық түрде жеткізу ғана міндет" (Нұр сүресі, 54 аят). Баян мен жеткізуді саһабалары (оларға Алла разы болсын) айқындайды: Әбу Зарр (оған Алла разы болсын) былай дейді: "Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қайтыс болды. Аспандағы құс қанаттарын жайып-жинағандағысы да бізге одан алынған білімді еске алғызады"

Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөзін Ахмад ибн Мәжәһ жоғарғы саһабадан риуаят етеді:

"Сендерді ақ секілді жолда тастадым, түні күндіз сияқты. Одан опат болған ғана алыстайды".

Муслимнің "Сахих" кітабында және басқаларында Абдулла ибн Амр ибн әл-Астың (оған Алла разы болсын) хадисі келтіріледі: "Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

"Менің алдымда үмметін өзі білгенінен оларға жақсылық көрсетіп, және өз білгенінен оларға жамандық ескерту оған міндет болмайтындай пайғамбар болған жоқ".

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дағуатын өзінің қаласынан және қауымынан бастағаны белгілі. Одан кейін араб түбегінің жан-жағындағы араптарды, одан кейін олардан ары жақтағыларды шақырды. Аңғар мен ауылдарда мекендейтін тайпаларға Аллаға шақыру мен осы үндеуді қабылдаулары үшін елшілер жіберетін. Одан кейін Йемен мен Бахрейн және басқа да елдерге дағуатшылар жіберді. Одан кейін шарифатқа шақыруды қамтыған кітаптарды парсы, рим патшаларына жіберді. Алыстағы мен жақынға әмірі жайылып, дағуаты кең таралмай осы дүниеден озған жоқ.

"Олардың кейбіреулерін Алла оңғарып, кейбіреулеріне адасу тиісті болды"

(Нахыл сүресі, 36 аят).

Осы жолмен саһабалары дінге шақырумен айналысып, оны қабыл алудан бас тартып, қарсыласқандармен Исламға кіріп не жизья төлеп қорлану мен кемсітуді таңдағандарынша дейін күресті. Тарих кітаптарында жазылғандай бұл дағуат кішкентай мерзім ішінде жер жүзінің жан-жағына жетті. Ал егер адам өте алыс қашықтықтағы елдерде тұрып, шарифат туралы мүлдем естімеген болып есептелсе, оның үкімі - әһлұль-фатарат (ислам жетпеген белгілі бір уақытта өмір сүргендер) болады. Бұнымен бірге, оған сол үшін жаратылған дінді іздеп, тексеріп, қоршаған адамдардың дініне қарау міндеп болып саналады.

Бесіншісі:

Пайғамбарлықтың мөрі.

Бұл шарифат күллі жаратылғандарға, елді-мекендердің шет-шеттерінде барлық пенделерге жүктелді. Себебі, ол шарифаттардың ақырғысы, аспаннан түскен үндеулердің соңғысы. Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлардың мөрі және елшілердің соңғысы екендігіне иман келтіру бізге уәжіп. Алла Тағала былай деді:

"Мұхаммед сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Алланың Елшісі және пайғамбарлардың соңы"

(Ахзаб сүресі, 40 аят).

Аяттағы "خاتم (соңы)" сөзінің тәә әрпі фатхам және кәсрамен де оқыла береді. "خاتم" сөзінің негізгі мағынасы - алдыңғы нәрселерді онымен аяқтау, және мағыналарының бірі - хаттарға бөгде нәрселерді жаза алмайтындай мәрлеу. Ал аяттағы мағына: Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алла Тағала жаратылысқа жіберген пайғамбарлардың соңғысы екені. Ал пайғамбарлардың соңғысы болғандықтан, елшілердің де ақырғысы болып есептеледі. Муслим және басқалары Әбу Нурайраның (оған Алла разы болсын) хадисін келтіреді: "Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

"Мен және алдымдағы пайғамбарлардың мысалы - бір кісі салған үй сияқты. Ол үйдің бұрыштарының бір бұрышында бір кірпіштің орнынан басқа жерлерін жақсартып, әдемілеп қояды. Адамдар айналып, таң қалып: "Бұл кірпіш неге орнына қойылмаған?" - деп сұрайды. Пайғамбар: "Бұл кірпіш - мен, және мен пайғамбарлардың ақырғысы".

Муслим тағы мына хадисті риуаят етеді: "Жубәйр ибн Мутғым (оған Алла разы болсын): "Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

"Шын мәнінде, менің мына есімдерім бар: Мен - Мұхаммедпін, мен - Алла Тағала менімен күпірлікті өшіретін өшірушімін, адамдар менің аяғыма жиналатын жинаушымын, және мен - одан кейін пайғамбар болмайтын соңғы пайғамбармын".

Әбу Дәудтың "Сунан" кітабында және басқаларында Саубанның ұзын хадисінде Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп айтқан сөздері келтіріледі:

"Шынында, үмметімде отыз өтірікші болады. Әр біреуі өзін пайғамбар деп атайды. Ал менен кейін пайғамбар болмайды. Мен олардың соңғысымын".

Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлардың соңғысы екеніне иман келтіру - уәжіп. Одан кейін "мен пайғамбармын" деп шыққан - өтірікші. Иса (оған Алланың сәлемі болсын) болса, ақырзаманда аспаннан түскен кезінде де Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шарифатымен үкім жүргізеді. Тірі кезінде түссе де, осы құрметті шарифаттан шықпай, осы үмметтің бірі секілді болып жүреді. Сондықтан да, осы үмметте "мен пайғамбармын", "мен Алланың елшісімін" деп мәлімдесе, ол - өтірікші, жалғаншы; адасқан және басқаларды адастырушы! Қарапайым адамдардың, жай адамдардың ішіндегі надандарға әсер ететін фокус, шарлатандық нәрселерді көрсетсе де, адамдардың көздерін сиқырлық пен өтірік безендіру арқылы сиқырласа да олар өтірікші болып қала береді. Осылай әл-Әсуад әл-Унаши мен Мусәйләмә әл-Кәззаб әрбір сау ақыл иесі өтірік екенін білетін шайтани көріністер мен жалған сөздермен көп адамдарды алдады. Олар секілді пайғамбарлықты аттанған және оларға адамдардың кейбірі алданып, қолдарында оларға ілесу мен күш-қуаттары болғандар да болды. Тағы сондай олардың соңғылары Ғулам Ахмад әл-Қадьяни, жамандығы таралып, өзінің шүбәсімен Үндістан мен оның солтүстік-батыс жағында, және көп басқа елдерде тайпалар мен үмметерді фитнаға кіргізді. Қиямет күніне дейін пайғамбарлықты аттанғандардың барлығы да өтірікші болады. Ал ең ақырғылары ол - Дәжжал әл-Кәззаб. Ол туралы сүннетте айтылып кеткен, фитнасы баяндалған, жамандығынан ескерткен риуаяттар бар. Алла Тағала былай дейді:

"Шайтандар кімге түседі, сендерге хабар берейін бе? Олар әрбір өтірікші, күнәкарға түседі"

(Шуғара сүресі, 221-222 аяттар).

Бұл аят ол өтірікшілерге шайтандар түсіп, оларға келетін мағлұматтарды Алладан келген уахи етіп көрсетеді. Бірақ, Алланың сүннеті бойынша хақты нұрланып, ертегі мен жалғандық түбі ашылып, ақыл иелеріне мәлім болады.

Алтыншы:

Үмметінің жауап беруі:

"Мұхаммед Алла елшісі" шаһаданың мағынасы, оған сену, оған еріп ғибадат қылу, бұл ғибадатқа қандай сауап болатынына, ғибадатты тастағанға қандай жаза бар екеніне иман келтіру міндет болып, пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ол әкелген нәрселерінде шыншылдығын, үндеуінің дұрыс екендігін, оған сену - уәжіп екендігін білгеннен

кейін, бізге бұл сүннетін өмірімізде қолданып, жүзеге асыру - уәжіп. Мысалыға, дәлелдері Құран мен сүннетте келген әмірлер:

1) Оған (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) иман келтіру.

Алла Тағала Өзіне, періштелеріне, кітаптарына иман келтіргенде пайғамбарларға да иман келтіруді әмір етті. Иман келтіргенге - зор сауап болып, оны тастағанға - ауыр жаза болады.

Аллах Тағала айтты:

"Әй мүміндер! Аллаға, Пайғамбарына және оған түсірген Құранға сондай-ақ одан бұрынғы түсірген кітапқа иман келтіріңдер. Ал кім Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне және ақырет күніне қарсы шықса, сонда тым ұзақ адасты"

(Ниса сүресі, 136 аят).

Және Аллаһ Тағала айтты:

"Әй мүміндер! Алладан қорқыңдар, Елшісіне иман келтіріңдер. Сендерге мәрхаметінен екі есе береді. Өрі сендерге сонымен жүретін нұр жаратады. Сендерді жарылқайды"

(Хадид сүресі, 28 аят).

Және Аллаһ (субханаһу) айтты:

"Ендеше Аллаға, Елшісіне және Біз түсірген нұрға иман келтіріңдер"

(Тағабун сүресі, 8 аят).

Және Аллаһ Тағала айтты:

"Аллаға және Алланың сөздеріне сенген, жіберілген оқу-жазу білмейтін Пайғамбарға иман келтіріңдер"

(Ағраф сүресі, 158 аят).

Және Аллаһ Тағала былай деді:

"Ал әлде кім Аллаға, елшісіне иман келтірмесе, сонда қарсы болғандарға жалындаған тозақ дайындадық"

(Фатх сүресі, 13 аят).

Осы мағынада келген аяттар баршылық.

Мұсылим және басқалары Әбу һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын):«Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

""Алладан басқа құдай жоқ" екеніне куәлік етіп, маған және мен келген нәрселерге иман келтіргендеріне дейін адамдармен күресі маған әмір етілді".

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) "Иман" сөзін Жәбірейілдің атақты хадисінде былай түсіндіреді:

"Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, Ақырет күніне, тағдырға (жақсылығы мен жамандығына) сенуің".

Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) иман келтіру - ол келген нәрселеріне (шариғат), үндеуі дұрыс екендігіне сену міндет болғанында ешқандай күмән жоқ. Иманның негізі - бір нәрсенің дұрыстылығына жүректегі айқындық пен тыныштығы. Одан кейін білім мен сену туралы айту, одан кейін ол сенім қажет ететін амалдарды жасап жүзеге асыру. Бұлардың бірігуі - құтылудың жолы мен Иман болып есептеледі. Жүрегінің сеніміне қайшы келу - шаһаданың әсерін жойып, оны айтушыға ешқандай пайда әкелмейді. Сол себепті Алла Тағала мұнафиқтарды мына сөзбен жалғаншы етеді:

"(Мұхаммед) саған мұнафиқтар келген кезде: "Сені, анық Пайғамбар деп айғақ боламыз" деді. Сенің хақ Пайғамбар екеніңді Алла біледі. Сондай-ақ Алла расында мұнафиқтардың мүлде суайт екендігіне куәлік етеді"

(Мұнафиқун сүресі, 1 аят).

2) Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ілесуге әмір ету және оған мойынсұнбаушылықтан ескерту.

Оған ілесу - иман белгілерінің бірі екенінде күдік жоқ. Шын мәнінде, пайғамбардың шыншылдығына берік сенім - Алла Тағаладан әкелгенге бойсұнуға апарады. Ал егер кімде-кім бұл мәселеде не оның бір бөлігіне қасарушылық не елемеушілік себепті қарсы шықса, "Мұхаммед Алла елшісі" шаһадасында шыншыл болмағаны. Құран Кәрімде Алла Тағала елшісіне бойсұну туралы көптеген жерлерінде айтып кеткен. Алла Тағала айтты:

"Әй мүміндер. Аллаға бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар. Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаға, пайғамбарға ұсыныңдар: Егер сендер Аллаға, ақырет күніне иман келтірген болсаңдар"

(Ниса сүресі, 59 аят).

Және Аллаһ Тағала айтты:

"Аллаға бой ұсыныңдар және де Елшісіне бой ұсынып сақтаныңдар. Сонда егер жүз бұрсаңдар, біліңдер! Пайғамбарымыздың міндеті ашық түрде жалғастыру ғана"

(Мәида сүресі, 92 аят).

Және Аллаһ Тағала былай деді:

"(Мұхаммед): "Аллаға, Пайғамбарына бағын" де. Егер бағынудан бет бұрсаңдар, шын мәнінде Пайғамбар, өзіне жүктелгенге, сендер, өздеріңе жүктелгенге міндеттісіңдер. Ал егер Пайғамбарға бой ұсынсаңдар, тура жол табасыңдар"

(Нұр сүресі, 54 аят).

Осы мағынада Алла Тағаланың сөзі:

«Сендерге Пайғамбар не берсе алыңдар да, неменеден тыйса одан тыйылыңдар»

(Хашыр сүресі, 7 аят).

Тіпті, оған (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бойсұнғанға үлкен сауап дайындап қойған. Алла Тағала айтты:

"Әрі Аллаға және Елшісіне бой ұсыныңдар, әлбетте мәрхаметке бөлеңесіңдер"

(Әли Имран сүресі, 132 аят).

Және Аллаһ Тағала айтты:

"Сондай-ақ кім Аллаға, Елшісіне бой ұсынса, әрине ол; ұлы табысқа ие болады"

(Ахзаб сүресі, 71 аят).

Сондай-ақ, кім оған мойынсұнбаса, оған қатты жаза бар екенін уәде етеді:

"Кім Аллаға және Елшісіне бой ұсынса, астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргізіледі де, олар онда мәңгі қалады. Зор табыс осы. Ал кім Аллаға, Елшісіне қарсы келіп Оның шектерінен шықса, ол, ішінде мүлде қалатын отқа кіргізіледі. Оған қорлаушы азап бар".

(Ниса сүресі, 13-14 аяттар).

Тозақ иелерінің сөздерін баян етеді:

"Әттең! Бізге не болды? Аллаға бой ұсынып, Елшісіне көнген болсақ еді"

(Ахзаб сүресі, 66 аят).

"Сахих" кітабында Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) мынандай хадис келтіріледі: "Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

"Маған бойсұнған Аллаға бойсұнған, маған мойынсұнбаған Аллаға да мойынсұнбайды"".

Мағынасы: пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір әмір берсе, ол Алладан болған уахи болып табылады. Сол себепті, оған бойсұну Раббысына бойсұну болады. Алла Тағала былай дейді:

"Кім пайғамбарға бағынса, расында Аллаға бағынған болады. Ал және кім бет бұрса, (Мұхаммед) оларға сені аңдушы етіп жібермедік"

(Ниса сүресі, 80 аят).

Әл-Бұхари Әбу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) мынандай хадис риуаят етеді: "Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

"Адамдардың барлығы жәннатқа кіреді. Тек бас тартқандардан басқа". Сонда біреулер: "Я, Алланың елшісі, қалай бас тартады?", - деп сұрайды. Пайғамбар: "Маған бойсұнған жәннатқа кіреді, ал маған мойынсұнбаған сол бас тартқан болады"".

Оған бойсұну - әмірлерін орындау, тыйым салғандарынан алыстау, ол келген нәрселерге берілу, үкімдеріне риза болу, шарифатына қарсылықты немесе үкімдерін аңдып, сынға алуды тастауында күмән жоқ.

3) Пайғамбарға ілесу мен сүннетін үлгі тұту жайындағы әмір.

Бұл әмірді орындағандарға тура жол мен кешірілім тиесілі болады. Және бұл әмір Алла Тағалаға деген махаббат шыншылдығының белгісі болып табылады. Алла Тағала былай дейді:

"Оған еріндер, әрине тура жол табасындар"

(Ағраф сүресі, 158 аят).

Яһуд және христиандар олар Алланың балалары мен сүйіктілері деп айтқанда, сынақ аяты түсті:

(Мұхаммед) оларға: «Егер Алланы сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Алла сендерді жақсы көріп, күнәларыңды жарылқайды. Өйткені, Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді» де. Және оларға: «Аллаға әрі Пайғамбарға бой ұсыныңдар» де. Егер олар бет бұрса, сонда Алла қарсы болушыларды сүймейді"

(Әли Имран сүресі, 31-32 аяттар).

Және Аллаһ Тағала айтты:

«Расында, сендер үшін, Алланы, Ахирет күнін үміт еткендер және Аллаы көп еске алған кісілер үшін, Аллаың елшісінде көркем өнегелер бар»

(Ахзаб сүресі, 21 аят).

Пенделердің өздеріне нығмет беріп, оларды жаратқан Раббыларына деген махаббат болу керек екенінде күмән жоқ. Бірақ ол махаббатқа жетулері, және махаббатыры қабыл болуы - құрметті пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ілесуіне тоқталып тұр. Оған ілесудің жемістері - Алла Тағаланың махаббаты, Оның жарылқауы. Бұл ілесудің белгісі - пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) еліктеу, оның жолымен жүру, оның сирасын, амалдарын, Аллаға жақындататын жақсылықтарын үлгі тұту, тыйым салған бүкіл нәрселерінен алыстау, еліктеуден тесіп шығаратын оған қарсылық көрсетуден сақтану. "Сахих" кітабында пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мына хадисінде айтылғандай:

"Менің сүннетіме қарсы келсе менен емес".

4) Жүрек пен денесімен шын жақсы көру.

Тіпті, пайғамбарға деген махаббаты, оның басқа түрлерінен жоғары қою. Алла Тағала айтты:

"(Мұхаммед): «Егер әкелерің, балаларың, туыстарың, әйелдерің, ағайындарың, тапқан малдарын, тоқтап қалуынан қорыққан саудаларын, жақсы көрген үйлерің сендерге Алладан, Пайғамбарынан әрі Оның жолында соғысуынан артық көрінсе, Алланың әмірі келгенге дейін күтіңдер» де. Алла бұзық қауымды тура жолға салмайды"

(Тәубә сүресі, 24 аят).

Міне нәпсі оларға қарай жылжитын және өмірге әсерлері бар сегіз түрді Аллаға және елшісіне деген махаббатынан жоғары қоюлары үшін оларды қалай сөккенін қара! "Күтіңдер" деген сөзбен қорқытты: яғни, ашуы мен қаһарының әсерімен болған жаза туралы Алланың әмірін күтіңдер. Бұл аят Алланы және елшісін жақсы көру уәжіп екенінің ең жетімді дәлелі болып отыр. Бұны пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің сүннетінде де растап өткен. Әнәстың хадисінде айтылғандай: "Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

"Аллаһ пен Оның елшісін бәрінен артық жақсы көрген, Аллаһ үшін қай бір адамды жақсы көрген және Аллаһ оны құтқарғаннан кейін отқа қалай түскісі келмейді солай имансыздыққа (дінсіздікке) қайта оралғысы келмеген, міне осы үшеуін бойына сіңірген болса сол иманның (діннің) тәтті дәмін татады".

Әл-Бұхари және Муслим риуаят еткен. "Сахих" атты екі кітапта да Әнәстің (оған Алла разы болсын) хадисі келтіріледі: "Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді:

"Сендердің біреулерің мені өз баласынан, әкесінен және барлық адамдардан артық жақсы көрмейінше иманы толық болмайды"

Омар ибн Хаттаб (оған Аллаһ разы болсын) бұл турасында былай деді:

"Алламен ант етейін! Сені барлық нәрселерден артық жақсы көремін. Тек өзімнен басқа". Сонда пайғамбар:

"Жоқ, я, Омар! Мені өзіңнен де артық жақсы көргеніңше дейін". Сонда ол (оған Алла разы болсын): "Алламен ант етейін! Сені барлық нәрселерден, тіпті өзімнен де артық жақсы көремін!" - деді. Пайғамбар: "Қазір, я, Омар", - деді".

Хадисті әл-Бұхари риуаят етті.

Алла елшісін (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жақсы көрудің жемістерінің бірі - Ақыретте онымен бірге болу; ол туралы мына хадис баяндайды: "Бірде бір кісі келіп Қиямет күні туралы сұрағанда, былай деп жауап береді:

"Ол күнге сен не дайындадың?". Сұраған кісі: "Ол күнге Аллаға және Оның елшісіне деген махаббаттан басқа ештеңе дайындаған жоқпын", - дейді. Алла елшісі: "Сен жақсы көргендеріңмен бірге боласың", - деді".

Екі "Сахих" кітабында да келтіріледі, Ибн Масъудтан, оған Алланың ризашылығы болсын, ол Алла елшісінің, оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын, былай деп айтқанын жеткізді:

"Адам жақсы көрген адамдарымен бірге болады".

Бұл махаббатқа мынандай сауап пен жақсы жаза жеткілікті шығар. Алайда, шын махаббат оны үлгі тұтуды, әдебімен жүруді, әрбір адамның разылығынан оның сүннетін жоғары қоюды, ол жақсы көрген және дос деп қарағандарды жақсы көруді, ең жақын адамың болса да, дұшпан мен жек көргендерді жақсы көрмеуді талап етеді. Кімде-кім бұның барлығын бойына жинаса махаббатында шыншыл болғаны. Ал кімде-кім бұларға қарсы шықса немесе мына нәрселерде кемшілік болса, кемшілігі қанша мөлшерде болса, махаббаты да сол мөлшерде кемиді.

5) Алла елшісін (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) құрметтеу, ардақтау және дәріптеу.

Алла Тағала айтып кеткендей:

"Аллаға, Елшісіне иман келтіресіңдер. Оны қуаттайсыңдар, Оны ұлықтайсыңдар және ертелі-кеш Оны дәріптейсіңдер"

(Фатх сүресі, 9 аят).

Аллаһ Тағаланың мына сөзіндей:

"Әй мүміндер! Алладан әрі Елшісінен ілгері кетпеңдер. Және Алладан қорқыңдар. Шүбәсыз Алла, аса естуші, толық білуші. Әй мүміндер! Дауыстарыңды Пайғамбардың дауысының үстіне көтермеңдер. Өзара бір – біріңе дауыстағандай Пайғамбарға дабырлап сөйлеспендер. Амалдарың жойылып, аңғармай қаласыңдар. Шынында Пайғамбардың жанында дауыстарын бәсеңдеткендер, міне солар, Алла жүректерін тақуалық үшін сынағандар. Оларға жарылқау әрі зор сыйлық бар"

(Хужурат сүресі, 1-3 аяттар).

Алла Тағала мұсылмандарға Алла елшісінің алдында өз ойымен немесе ол әкелген нәрселеріне қайшы болған көзқараспен жоғары тұруды, ол отырған жерде дауыс көтеруді, ақтаушы дәлелің болмаса жария сөз сөйлеуді тыйым салған. Ал оны істесе, амалдарының жойылуын уәде етті. Алла Тағала былай деді:

"Пайғамбардың шақыруын өзара бір-біріңді шақыруға ұқсатпаңдар!"

(Нұр сүресі, 63 аят).

Яғни, бір-біріңді есімдеріңді атап шақырғандай, пайғамбарды шақырмаңдар. Бірақ, оны ерекшелейтін нәрсемен шақырыңдар, мысалы: "Я, Алланың пайғамбары" немесе "Я, Алла елшісі". Бұл Алла Тағала оны ерекшелендіріп, оған артықшылық пен жоғары мәртебе бергені үшін.

Оны құрметтеу, ардақтау, дәріптеуде сүннетін ұлықтау, оған ілескендердің нәпсілерінде орнын биіктеу бар. Ол болса, пайғамбарға ілесу мен әмірлерін орындап, тыйған нәрселерінен алыстауға қол жеткізеді.

6) Үкімді пайғамбардан сұрап, ол берген үкімге разы болу және оған қарсы келуді күрмеу - уәжіп.

Аллаһ Тағала айтты:

«...Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаға, Пайғамбарға ұсыныңдар...»

(Ниса сүресі, 59 аят).

Және Аллаһ Тағала айтты:

«Сонда оның әміріне қарсы келгендер, өздеріне бір апат жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын»

(Нұр сүресі, 63 аят).

Үкімді алу және жауап алуды пайғамбардың дүние салуынан кейін оның сүннетінен алынатынына бүкіл үммет келіскен. Бұл аяттар оған қарсы шығудың харам екеніне және сүннетін ауыстыруды күрмеуге үлкен дәлел болып табылады. Оған қарсы шыққандарды фитнамен (ол - ширк, тура жолдан ауытқу) және ауыр азаппен қалай қорқытқанына қара! Араларында бір дау орын алып, оның шешімін пайғамбардан сұрағандарына дейін, оның қазылығына беріліп, араларын немен шешкеніне нәпсілерінде ешбір қысылушылық не қыңырлық қалмайынша Алла Тағала бойларында иманды теріске шығарғанына қара! Үкімді білгеннен кейін, немқұрайшылық пен жеңіл-желпі қарауына байланысты, не әдет-ғұрып, біреулердің көз-қарастары, өздері ойлап тапқан заңдарымен ауыстырып сүннетті тастағандарға бұл қорқыту мен үрейлендіру жеткілікті болады.

7)

Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жайында ортаңғылық пен ұқыптылықты ұстану.

Алла Тағала заңы бойынша, пенделерге бір нәрседен шектен шығу немесе оған немқұрайлылық танытып ұқыпсыз болу тән. Үмметтердің барлығында да көбінесе әсірелеу немесе кеміту орын алады. Сол себепті, пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз дәрежесін көтеріп, Алла Тағалаға ғана тән нәрселерді оған иемденуден үмметін қатты ескерткен. Бұны мынадан көре аламыз:

Біріншіден: пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адам болғанынан шыққан жоқ:

Аллаһ Тағала айтты:

"(Мұхаммед): "Шынында мен де сендер сияқты адаммын. Маған Тәңірлерің бір-ақ Тәңір екендігі уәхи етілуде", - де"

(Кәһф сүресі, 110 аят).

Аят пайғамбардың ерекшелігі тек уахи екенін көрсетеді.

Және Аллаһ Тағала айтты:

"(Мұхаммед): "Рабымды пәктеймін! Мен бір адам баласы Пайғамбар ғанамын" де"

(Исра сүресі, 93 аят).

Бұл аяттар мүшріктер пайғамбардан жерді жаруды немесе оларға аспанды жауып құлатуын және т.с.с. сұрағанда түскен. Алла елшісі тек Алла Тағала жүктеген елшілікпен ғана ерекшеленгенін, ал сұраған нәрселерінің бәріне тек Жалғыз Алла Тағала ғана қожа екендігін баяндайды.

Алла Тағала кітабында бұрынғы үмметтердің елшілерінің елшілік сипаттарына "сендер адамсыңдар" деп сөз тигізгендерін айтады. Мысалы, һуд пен Салих қауымдары туралы былай деді:

"Бұл өздерің құсаған ғана бір адам. Жегендеріңді жеп, ішкендеріңнен ішеді" деді. "Егер өздерің сияқты адамға бой ұсынсаңдар, рас сендер; сол уақытта зиянға ұшырайсыңдар"

(Мүминун сүресі, 33-34 аяттар).

Мұхаммедке (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өтірікпен жала жапқандардың сөздерін де айтып кеткен:

"Бұл қалай Пайғамбар? Тамақ жейді, базарларда жүреді"

(Фурқан сүресі, 7 аят).

Яғни, жұмыс істеп ырзық талап етеді. Алла Тағала бұл сөздерге былай жауап береді:

"(Мұхаммед) Сенен бұрын да тамақ жейтін, базарларда жүретін ғана пайғамбарларды жіберген едік"

(Фурқан сүресі, 20 аят).

Яғни, олар періштелер емес. Ақиқатында, адамзат періштелерді көре алмайды. Тіпті, егер Алла Тағала елшілікпен адамдарға періштені жіберсе, олар оны көре алмайтын еді. Тек егер періште адам кейпінде келіп, оларға ұқсаған болса ғана.

"Егер Пайғамбарды бір періште қылсақ едік, оны да бір адам (бейнесінде) қылар едік те, оларға күдіктенген сайын шақ салған болар едік"

(Әнғам сүресі, 9 аят).

Бірде пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) намазда шатасып қалған болатын. Адамдар намаз қысқарды деген оймен есіне салған жоқ. Сондағы айтқан сөзі:

"Шын мәнінде, мен сендер сияқты адаммын. Егер ұмытып кетсем, есіме салыңдар".

Әл-Бұхари, Муслим.

Ендеше, елшілер адам бола тұра, оларға Алла Тағаланың сипатынан немесе амалдарынан хұқысын беру жарамсыз.

Екіншіден: Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ғайыпты білмейді.

Шындығында, Алла Тағала хабарлаған не уахи еткен нәрселерді бізге жеткізеді. Алла Тағала былай дейді:

"(Әй Мұхаммед оларға) айт: «Жанымда Алланың қазынасы бар демеймін, көместі де білмеймін. Және сендерге періштемін де демеймін. Мен өзіме уахи етілгенге ғана ілесемін"

(Әнғам сүресі, 50 аят).

Және Аллаһ Тағала айтты:

"(Мұхаммед) оларға: "Мен елшілердің тұңғышы емеспін. Сондай-ақ маған әрі сендерге не істелетінін де білмеймін", - де"

(Ахқаф сүресі, 9 аят).

Және Аллаһ Тағала айтты:

"Егер көместі білген болсам, әрине жақсылықты көбейтіп алар едім. Сондай-ақ маған бір сәтсіздік жұғыспас еді"

(Ағраф сүресі, 188 аят).

Ғайыпты Алла Тағаладан басқа ешкім білмейді. Оның кейбіреуін ғана пенделеріне өзінің шыншылдығына дәлел және мұғжиза ретінде ғана көрсетеді. Алла Тағала айтқандай:

"Көместі білуші Алла, оның сырын ешкімге ашпайды. Бірақ ұнатқан елшісіне білдіреді. Өйткені Алла, елшісінің алды-артына күзетші қояды"

(Жын сүресі, 26-27 аяттар).

Яғни, Алла Тағала Өзі разы болғандарына (олар елшілері), өткен уақыттағы немесе келер уақытта болатын ғайып нәрселердің кейбірін ашады. Дегенмен, бұл Алла Тағаланың мына сөзіне қарсы келмейді:

"(Мұхаммед): "Көктер мен жердегі көместі Алладан басқа ешкім білмейді. Олар қашан тірілтілетіндіктерін білмейді", - де"

(Нәмл сүресі, 65 аят).

Шынында, болашақта келетін жағдайлар туралы хадистерде хабар келсе, Алла Тағаланың періште елшімен немесе Алланың пайғамбарға Өзі ашып беру, немесе илһәм арқылы елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ашқан уахиі. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) және одан бұрын болған елшілердің осындай сипаттары бола тұра, оларға Алла Тағалаға ғана тиесілі құлшылықты жұмсау, не оларды Алла Тағалаға ғана тән сипаттарымен сиппатау дұрыс емес. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Ар-рабиғ бинт Муаууазда болған екі қыздың сөздерін теріске шығарған. Олар былай айтқан болатын:

"Арамызда ертеңгі күнді білетін пайғамбар бар".

Хадисті әт-Тирмизи риуаят етті.

Айша, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, былай деді:

"Егер саған біреу Мұхаммед келешекті біледі деп айтса, оған сенбе".

Хадисті әл-Бұхари риуаят етті.

Жәбірейілдің хадисінде, пайғамбардан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Қиямет туралы сұрағанында былай деп жауап береді:

""Сұралушы сұрап тұрағаннан білімді емес. Оның белгілерін айтып саған айтайын: күң өзінің ханшайымын туады, жалаң аяқ, жалаңаш бақташылар биік үйлер салуда жарысады. Алладан басқа ешкім білмейтін бес нәрсе бар", - деді де, мына аятты оқыды: "Әрине қиямет мерзімінің мәліметі Алланың қасында. Жаңбырды Ол жаудырады, Ол жатырлардағыны біледі. Ешкім ертең не істейтінін білмейді әрі ешкім қай жерде өлерін де білмейді"".

Әл-Бұхари, Муслим.

Бұл бес нәрсе ол - мына аятта айтылып жатқан ғайыптың кілттері:

"Көместің кілттері Оның жанында. Оны Ол, өзі ғана біледі"

(Әнғам сүресі, 59 аят).

Кімде-кім осы нәрселердің біреуін болсын білемін немесе адамдардың бірі біледі деп айтса - жалғаншы болады.

Үшіншіден: Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басқаларды айтпай, өзіне де зиян келтіру мен пайда әкелу оның қолында емес.

Аллаһ Тағала айтты:

"(Мұхаммед): «Алла қаламайынша, өзім үшін пайда, зиян келтіру күшіне ие емеспін", - де"

(Ағраф сүресі, 188 аят).

Және Аллаһ Тағала айтты:

""Расында мен сендерге зиян келтіре алмаймын да игілік те істей алмаймын" де"

(Жын сүресі, 21 аят).

Бұл күллі күштің Алла Тағаланың қолында екенінде болғандықтан. Сыйлау мен ұстап қалу, пайда мен зиян келтіру тек Аллаға тән. Ол - күшті иемденуші, оның жазғанын ешкім қайтара алмайды; үкімін ешкім қадағала алмайды. Ал пенделер, олардың ішінде пайғамбарлар да бар, барлығы Алла Тағала қолының астында. Күллісін мына аят қамтиды:

"Алладан өзге, көктерде де, жерде де тозаңның салмағындай түкке ие бола алмайтын, екеуінде де бір ортақтығы жоқ. Сондай-ақ Аллаға олардың ешбіреуі көмекші де емес"

(Сәбә сүресі, 22 аят).

Осы аяттан кейін шейхуль-Ислам ибн Тәймия: "Алла Тағала Өзінен басқасын мүшріктер байланғандардың барлығын теріске шығарып, күш-қуатты немесе әділеттікті басқа біреу иемденгенді терістеп, Оның көмекшісі болғанын жоққа шығарады", - деді.

Алла Тағала елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

"Ешбір іс сенің еркіңде емес"

(Әли Имран сүресі, 128 аят).

Бұл аяттың түсу себебі: Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Ухуд шайқасында жарақат алып, күрек тісі сынғанда былай деп айтқаны:

"Пайғамбарларын жарақаттаған қауым қалай құтылады?".

Немесе мына себеп: пайғамбарымыздың "оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Меккеде болғанында, кейбір мүшріктерге қарсы құнұт дұғасында Алладан дұға сұрауы. Алла Тағала бұны теріске шығарып, оның бұл нәрселерге қатысы жоқ екенін және барлық нәрсе тек Жалғыз Алла Тағаланың қолында екенін хабарлады.

"Сахих" кітабында орныққан пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) отбасы мен туыстарын ескерткені туралы хадисінде былай деді:

"Оттан өздрiңдi сақтаңдар. Мен болсам, сендердi Алладан құтқара алмаймын".

Тіпті бұл сөздерін ағасы (әке жағынан) мен әпкесіне (әке жағынан) және қызына да айтқан. Басқа риаятта:

"Өз-өздеріңді сатып алыңдар".

Яғни, Аллаһты бір деп, құлшылықта ықыласты болу, әмірлеріне бойсұнып, тыйым салғандарын аяқтаумен. Міне мыналармен оттан құтылады; тегі мен туыстыққа сенімменен емес. Бұл хадиспенен кейбіреулердің пайғамбар өздерінің туыстарын сақтап, оларға шапағатшы болады деген жаңылуларына жауап береді. Бұл жаңылу көптеген жұртышылық нәпсілерінде тарап, бекініп қалды. Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) туыстықтары бар дегендер, тек соған ғана сеніп, өздеріне құрмет деп есептеп, құтылу мен шапағат оларға амалсыз-ақ жетеді деп ойлайды. Бірақ-та сүннетіне қарсы келіп, ашықтан-ашық Аллаға және елшісіне мойынсұнбайды. Солар сияқты тағы біреулер, пайғамбарға деген алдамшы ілесу мен бойсұнусыз махаббатқа байланады; тек осы адасқан махаббатқа байланысты пайғамбар оларға шапағат қылады деген ойда. Махаббатың мағынасы - пайғамбардың жолымен жүріп, оған еліктеу екеніне қарамастан. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) болса, өзіне пайда не зиян келтіруді билей алмайды; Аллаға мойынсұнбаса, өзінен зияндық пен азапты да қайтара алмайды. Алла Тағала айтқандай:

"“Расында ешкім мені, Алланың азабынан сақтай алмайды да мен де Одан өзге пана таба алмаймын”, - де"

(Жын сүресі, 22 аят).

Өзінің жағдайы осындай болып жатса, жақыны болсын алысы болсын, олардың жағдайы не болмақ?

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің туыстарына оларды Алланың азабынан сақтайтын, жәннатқа кіргізетін, Аллаға жақындататын өзі емес, шынында, амалдары ғана оларды оттан құтқара алатынын баяндады.

"Сахих" кітабында мынандай хадис орныққан: "Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің Әбу Талиб ағасын (әке жағынан) тура жолға салуды тырысқан. Бірақ-та оған күші жетпеді. Ал ағасы (әке жағынан) өлім аузында жатқан кезде оған келіп, былай деді:

"Аға! "Лә иләһа илләЛла" де! Осы сөзбен Алланың алдында саған шапағат етемін".

Бірақ қасында отырған жамандар оған шайтанның дәлелін қайталапты. Соңғы сөзі: "Абдуль Мутталибтің миллетіндемін", - болды". Бұл жөнінде Алланың сөзі түсті:

"(Мұхаммед) расында жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың. Бірақ Алла кімді қаласа, оны тура жолға салады"

(Қасас сүресі, 56 аят).

Бұл қиссада "Я, Алла елшісі" және т.с.с. сияқты сөздермен қиыншылықтарда оның атымен айқайлап, уайым-қайғыларын босатуларын, күнәлары кешірілуін пайғамбардан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сұрап, оның хақында шектен шыққан мүшріктердің шүбәсін жоятын үлкен дәлел бар.

Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) - Аллаға ең жақыны және жаратылғандардың ең абзалы, мәртебесі ең жоғарғысы; осымен бірге өзінің ағасын (әке жағынан) тұрмысында да, өлер алдында да тура жолға салғысы келіп тырысқанында, қолынан келе алмады. Себебі, Алла Тағала оған бақытсыздықты жазған. Ал ағасына (әке жағынан) истиғфар (Алладан кешірім сұрау) жасаймын дегенінде, Алла Тағала оған тыйым салады:

"Пайғамбарға және мүміндерге тозақтық екендігі өздеріне білінгеннен кейін егер жақындары болса да мүшріктер үшін жарылқау тілеулеріне болмайды"

(Тәубә сүресі, 113 аят).

Бұл аят пайғамбарды қатты жақсы көремін деп, есімін айқайлап, оған үміт артып, одан дұға сұраса да, Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басқа біреуге пайда

әкелуді не одан зияндылық қайтаруды биле алмайды. Егер де пайғамбарда (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жүректердің һидаятынан немесе уайым-қайғыны босатудың бір бөлігі болса, һидаятта пен уайым-қайғыны босатуда мүшріктердің зақымдары мен оның арасында бөгет секілді болған, оны өсіріп қорғаған үлкен немере ағасы басқаларынан бірінші болушы еді. Бірақ-та, оны тура жолға салып, құтқара алмаса, басқалар туралы айтудың мағынасы жоқ.

Төртіншіден: Пайғамбардың (оған Алланың салауат мен сәлемі болсын) пендешілігі; мәртебесі; қадір-қасиеті.

«Сахихтердің» екеуінде де келген Ибн Омардың, оған Алланың ризашылығы болсын, хадисі: "Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

"Мені христиандар Марьямның ұлын ұлықтағандай ұлықтамаңдар. Шын мәнінде, мен құлмын. "Алланың құлы мен елшісі" деңдер".

Шейх Сулеймен ибн Абдулла (оған Алланың рақымы болсын) бұл хадис туралы "Шархут-тәухид" кітабында (272 бет) былай деді:

""Шын мәнінде, мен құлмын. "Алланың құлы мен елшісі" деңдер",

яғни, мені шектен тыс мақтамаңдар, христиандар Исаны мақтағандай, шектен шығып оны Раббы деді. Ақиқатында, мен Алланың құлымын, Раббым маған қандай сипат берсе солай мені сипаттаңдар. "Алланың құлы және елшісі" деңдер. Қабір табынушылары ол айтқан әмірге қарсы шығып, тыйым салғанын істеді. Осыларыменен ең үлкен қайшылық жасады. Егер олар пайғамбарды "Алланың құлы және елшісі", "одан дұға сұралмай, одан көмек сұралмайды", "оған нәзір етілмейді", "оның бөлмесі айналмайды", "оның қолында ештеңе жоқ екен", "Алла Тағала үйреткеннен басқа ғайыпты білмейді" деген сипаттармен сипаттаса ол - мырзалығын бұзу, мәртебесін түсіру деп ойлайды. Осыған байланысты, пайғамбарды дәрежесінен тыс көтеріп, одан күнәларының кешірілімін сұрауларымен, уайым-қайғыларынан босатуларын сұрауларыменен христиандар Исаны қалай атағандары сияқты, Алла елшісін де солай атады немесе оған жақын қалды".

Шейхуль Ислам өзінің "Әл-истифаса" кітабында кейбір замандастары туралы былай деді: "Ол Алла Тағаладан қандай жәрдем сұралса сондай жәрдемді Алла елшісінен де (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сұрауға рұқсат берді; пайғамбар туралы шығарма құрастырды. Және Алладан басқа ешкім білмейтін "ғайып кілттерін пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) біледі" деп айтатын".

Сабақ, пәтуа беретін тағы бір алдыңғысына ұқсас біреудің сөзін былай деп жеткізді: "Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алла білетін нәрселерді біледі және Алланың күші жеткеніне оның да күші жетеді. Бұл құпия пайғамбардан Хасанға, одан кейін оның ұрпақтарына Әбу әл-Хасан әш-Шәзилиге берілді.

Олар: "Бұл биік, жәрдем сұралатын, жалғыздық, және барлық нәрселерді қамтитын мәртебе", - деді. Олардан тағы біреулері Алланың мына сөзінің мағынасы:

""Оны ертелі-кеш пәктеңдер".

(Фатх сүресі, 9 аят).

аяты пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) туралы айтылған. Оған ертелі-кеш пәктеу айтылады", - дейді.

Және кейбіреулері: "Аллаға және елшісіне құлшылық етеміз", - дейді. Осымен Алла елшісін де оған құлшылық ететін қылады.

"Әл-Бусайри былай дейді" дедім:

"Шын мәнінде, дүние және екіншісі сенің қайырымдылығыңнан. Ал Ләуһ (тағдыр кітабі) және қалам сенің біліміңнен"".

Осы сөздермен дүние мен Ақыретті пайғамбардың қайырымдылығынан қылып, Ләух әл-махфузда (тағдыр кітабі) жазылғанын білетінін бүкіл сеніммен айтып отыр. Міне осы мұғалім туралы Шейхуль Ислам айтып кеткен. Бұның барлығы - айқын күпірлік.

Бір таңқаларлық нәрсе: бұның барлығын шайтан оларға пайғамбарды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жақсы көру, оны ұлықтау және оған ілесу суретінде көрсеткен. Бұл лағынеттелгеннің ісі. Себебі, оған нығметке ұқсайтын нәрселер үшін әрбір айқайлаушының артынан еріп жүретіндерге апаратын хақ пен жалғанды араластыру керек. Артынан ергендер - білім нұрымен жарық көрмеген, берік рүкінге сүйенбеген. Өйткені, ол ұлықтау емес! Шын ұлықтаудың орналасатыны - жүрек, тіл және дене. Ал олар болса бұдан алыс! Жүрекпен болатын ұлықтау: пайғамбар пенде және елші екеніне сенуге ілесу, оған деген махаббатты өзіңнен, әкеңнен, балаңнан және барлық адамдардан жоғары қою. Ол махаббатты екі жағдай растайды:

Біріншісі: таухидті жекелелендіру. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) таухидті жекелеуде адамдардың ішіндегі қатты тырысқаны болды. Тіпті ширктің себептері мен оған апаратын жолдарын жан-жақтан үзетін болған. Бірде оған бір кісі "Алланың және сенің қалағаның" деп айтқанда, былай деп жауап берді:

"Сен мені Аллаға теңеп отырсың ба!?! Жалғыз Алланың ғана қалағаны".

Ахмад риуаят етті. Сондай-ақ Алладан басқамен ант ішуді тыйым салып, оның ширк екенін хабарлады. Және мазарға қарай намаз оқуды, не одан мешіт қылу, не оның ішінде мейрам өткізуді, не оның үстінде шам орнатуды тыйым салды. Құтылудың өзегі болған бұл негізге діні тіреледі. Пайғамбардан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басқа ешкім бұл негізге қайшы келетін сылтауларды бітеуменен, осы негізге қатысты сөзі және амалымен шешім қабылдаған жоқ. Бұған сәйкес пайғамбарды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ұлықтауда ешқандай қайшылық жоқ.

Екіншісі: пайғамбарға ілесуді, діннің негіздері мен тармақтарында болған кіші не үлкен мәселелерде одан үкім сұрауды жекелеу. Алла елшісі жалғыз ілесетін, сөзі қабыл болатын, оған қайшы болғандар қайтарылатын әкім болғанша дейін оның үкіміне риза болу, оған ілесу және оған берілу және оған қайшы болғаннан жалтару мен оған бет бұрмау керек. Тура сондай пайғамбар үшін Раббысы құлшылық жасалынатын жалғыз жаратушы, Одан жәрдем сұралатын, Оған тәуекел жасалынатын, Оны қалап одан қорқатын, қиыншылықтардан шығару мен күнәлар кешірімі сұралатын, сондай, дүние мен Ақырет Оның қайырымдылығынан болатын, Жалғыз барлық жаратылыстарды жаратқан, оларға ырзық беретін, оларды тірілтетін, жарылқайтын, мейірім танытатын, тура жолға салатын, адастыратын, бақытты қалатын, бақытсыз қылатын, пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) не Жәбірейілдің (оған Алланың сәлемі болсын) не екеуінен басқалар да қандай да болсын әмірге қатыстары жоқ, әмір тек Оған ғана тән құдай болғандай. Міне мынау ұлықтайтынның дәрежесіне сай, ұлықтағанның өмірі мен оралатын жеріне пайда әкелетін, міндеттері мен иманына керек ұлықтау. Ал пайғамбарды тілмен ұлықтау деген - оны Раббысы қалай мақтағанымен және өзі-өзін мадақтағанымен, ол ие қадір-қасиеттерімен ешқандай шектен шығу мен кемітусіз мақтау. Мазар табынушылар сияқты істемеу, олар мақтауда қатты шектен шыққан болатын. Ал дене мүшелерімен болған ұлықтау - оған бойсұнып амал жасау, дінін басқаларға ашу үшін жүгіру, шариятына көмектсеу, оған қарсы болғандармен күресу.

Қорытындылайтын болсақ: пайда әкелетін ұлықтау ол - пайғамбар хабарлаған нәрселерге сену, әмірлеріне бойсұну; күрмеген және қайтарғандарын аяқтау; достық пен араздық, махаббат пен жеккөрушілік ол үшін болу; тек одан ғана үкім сұрап, үкіміне риза болу; одан басқа бір үкім үшін сөздеріне жүктелетін біреуді, оның сөзіне пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сөзі сәйкес келсе қабылдап, сәйкес келмесе пайғамбардың сөзін тастап, немесе мағынасын өзгертіп немесе бет бұратын, сондай бір тағутты әкім ретінде алмау. Ал бірқұдайшылардың дұшпандары мазар табынушылар болса, айтылған сипаттарда емес екендігіне Алла Тағала (Оның куәлігі бірнен де жеткілікті), Оның періштелері, елшілері және әулиелері куә! Алладан жәрдем сұраймыз!

Мынау шейхтің (оған Алланың рақымы болсын) сөзі болатын. Заманында және оның алдында көрген таухид ғылымындағы білмес қауымдар туралы айтқан. Пайғамбарды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жақсы көреміз деп, мақтауларында шектен шығып Аллаға ғана

тиесілі билеу, білім, өкім жүргізу сияқты сипаттармен сипаттағандарына жетті. Тіпті, Аллаға хақысы ғана болатын одан дұға сұрау, оған үміт ету, тәуекел ету, оған сүйену сияқтыларды пайғамбарға бағыттады. Шейхуль Ислам "Шархут-таухид" кітабының 186 бетінде және оған кейінгісінде пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қатысты шектен шығып көкке көтергендердің сөздерін айтып, әл-Бусайридің "Бурда" поэмасынан мына шұмақтарды келтіреді:

"Я, жаратылғандардың құрметтісі! Сымбатты денелер қосылған уақытта, сенен басқа пана таба алмаймын!".

Мыналардан кейінгі шумақтарды да айтып, ондағы келген айқын ширкті көрсетіп кеткен. Шектен шығып көкке көтерген, Раббысын ұмытып, елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) айқын құлшылық еткен әл-Барғидің де кейбір өлеңдерін айтып кеткен. Сондай-ақ "Мағарижуль-әлбаб" кітабында 169 бетінде және одан кейінгісінде Ән-нағми туралы келтіріп, шектен шыққандардың сөздерін, өлілермен байланыстарын асырғандарын ескеріп кеткен болатын. Пайғамбарды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) айқын түрде Аллаға серік қосқандарын қамтитын өлең жолдары да бар. Алғашқы шумақтары міне:

"Я, қожайыным! Я, діннің пәктігі! Я, тірегім! Я, сенгенім! Я, мұқтаж уақытта құтқарушым! Я, мақтанышым!

Зәруден қорыққан кезде менің панамсың! Уақыт құрығанда сен менің баспанамсың!"

Бұл ширктік өлеңінің соңына дейін. Өлеңге шейх (оған Алланың рақымы болсын) талдау ретінде мына сөздерді жазды: "Мақсаттарына жету мен талап ету әдісінің дәрежесіне қарағанда, біле алмадық, Жаратушы қандай мағынада ерекшеленеді екен?"

Бұл жаман мүшрік Аллаға не қалдырған екен? Пұттарға табынатын мүшріктер де Алладан басқаға ғибадат қылғанда, пұттарын мына ғибадаттарға не одан да кемге тиесілі етпейді".

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмметі үшін өзіне қатысты шектен шығудан жасқанып, себептерінен сақтаған. Әбу Дауд жақсы иснадпен Абдулла ибн әш-Шахирдің хадисін келтіреді:

"Бәну Амирдің олжаларымен делегация Алла елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) аттанған болатын. Біз: "Сен біздің қожамыз" - дедік. Ал ол болса: "Қожаларың Алла Тағала", - деді. Сонда біз: "Сен арамыздағы абзалы, күші ең ұлысың", - дедік. Ол: "Мына сөздеріңмен немесе сөздеріңнің кейбіреулерін ғана айтыңдар".

Әнәс, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

"Адамдар жақсы көріп: "Я, Алла елшісі, я арамыздағы ең жақсысы, жақсының баласы; мырзамыз және мырзаның баласы", - деді. Ол: "Я, адамдар! Айтқан сөздеріңмен айтыңдар да сендерді шайтан адастырмасын. Мен Алланың құлы мен елшісімін. Алла Тағала маған қандай дәреже бергеннен көтермелеулеріңді жақсы көрмеймін".

Хадисті Ән-Нәсәи жақсы иснадпен риуаят етті.

Мынандай хадистер сүннете көп кездеседі. Міне тағы да сондай хадис:

"Менен жәрдем сұралмайды. Шын мәнінде, жәрдем Алладан сұралады".

Оны әт-Табарани риуаят етті.

Және мына хадис жоғарыда айтылып кеткен: "Бір кісі оған былай деген:

"Алла және сен қаладың". Сонда ол: "Мені Аллаға ұқсастырып тұрсың ба? Жалғыз Алла ғана қалады"".

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пенделердің мырзасы, олардың ішіндегі ең жақсысы және абзалы. Бірақ, мақтауды ұнатпайтын, әсіресе мақтауға алынған кісінің алдында. Тіпті былай дегені жеткізілген:

«Егер мақтаушыларды көрсеңдер, олардың бетін топырақпен атқылаңдар!».

Хадисті Муслим риуаят етті. Себебі, мақтау - мақталған адамда амалдарды жойып, таухидтің кәміл болғанына қарсы келетін масаттанушылық пен тәкаппарлық тудыруы мүмкін.

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің Раббысына деген пендешілігін мақтаныш тұтқан. Ол дегеніміз - Раббысына бойсұнып, оған кемсіну; және онда мәртебе мен ізгілік бар. Сондықтан да, Алла Тағала пайғамбарды "абд (құл)" атымен мына сөзінде атап өтеді:

"Егер құлымызға түсіргенімізден күдіктенсеңдер..."

(Бақара сүресі, 23 аят).

Және мына сөзінде:

"Құлын (Мұхаммедті) бір түні өзіне белгілерімізді көрсету үшін Месжид Ақсаға апарған Алла"

(Исра сүресі, 1 аят).

Аллаһ Тағаланың мына сөзінде де:

"Барлық мақтау құлына (Мұхаммедке) Құранды түсірген Аллаға тән"

(Кәһф сүресі, 1 аят).

Мына сөзінде:

"Расында Алланың құлы (Мұхаммед) тұрып, Аллаға ғибадат қылған сәтте"

(Жын сүресі, 19 аят).

Шынында, Аллаға деген пендешілік - кемсіну мен махаббаттың ең биік дәрежелерін қамтиды. Ал Аллаға кемсіну - көну мен біліммен қорқу және бағынуды қажет етеді. Мысалы, уәжіптерін орындағанда өзін бейшара, ұятты, шектеулі түрінде көру; нәпсісін қайта-қайта сөгуге; Раббысына мейірімін және нығметтерін мойындау. Сол сияқты, махаббат та қалаулар, амалдар, сөздерден Алла Тағала жақсы көргенді жақсы көріп, жақсы көрмейтіндерін жақсы көрмеуді қажет етеді. Міне осыларменен раббылардың Раббысына деген пендешілік сипаты толық болады.

Бесіншісі: Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басқа пайғамбарлар мен елшілер сияқты қайтыс болуы. Алла Тағала былай деді:

«(Мұхаммед) шынында сен де өлесің. Олар да өледі»

(Зүмәр сүресі, 30 аят).

Және Аллаһ Тағала айтты:

"(Мұхаммед) сенен бұрын да адам баласына мәңгілік (өмір) бермедік. Ал егер сен өлсең сонда олар мәңгі қала ма? Әркім өлімді татады"

(Әнбия сүресі, 34-35 аяттар).

Барлық мұсылмандар "бұрын болған пайғамбарлардың қайтыс болып, дүниедегі Алла Тағала оларға жазған өмірлері үзіліп, олар қазір барзах әлемінде" деген ұстанымда. Және шаһидтердің өмірі туралы мәтіндер келіп, ол туралы Алланың сөзі:

"Алла жолында өлтіргендерді өлі деп ойлама, әрине олар тірі. Раббыларының жанында олар ризыққа бөлендіріледі"

(Әли Имран сүресі, 169 аят).

Бұл мәтіндерге қарасақ, пайғамбарлар ондай өмірге лайықтырақ. Шаһидтердің бұл дүние өмірлерінен озып, мал-мүліктері мирасқорларына таралтылып, әйелдері басқаларға хәлел болғаны бізге мәлім. Бұл мәлімет олардың өлімдеріне айқын дәлел бола алады. Бірақ-та, шаһидтерді мәйіттер деп атауға Алла Тағала бізге тыйым салып былай дейді:

"Алла жолында өлтірілгендерді (шәһиттерді) олар өлі демендер, олар тірі, бірақ сендер сезіп біле алмайсыңдар"

(Бақара сүресі, 154 аят).

Бұл қандай өмір екенін біз белмейміз. Біз тек рухтары денелерінен шығып, өмірлері үзіліп, амалдары біткеніне көз жеткізе аламыз. Бұл өмірлері сенімді хадисте олардың рухтары жәннаттағы ағашқа ілініп тұрған жасыл құстың ішінде деп тәпсірленген. Ал енді мына мағлұмат олардың денелерінен шыққанына, бірақ осындай арнайы өмірмен ерекшеленгендеріне сәйкес болып тұр.

Пайғамбарлар мен елшілер шаһидтерге қарағанда дұғаларға жауап бере алмайтын, біреуге сұрағандарын бере алмайтын күйдегі бұл өмірге лайықтырағы екені мәлім. Біз пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) барзах өмірінде шаһидтердің өмірінен кәміл күйде, және денесі шіруден сақтанғанына сенеміз. Әбу Даудтің "Сунан" кітабында келген Әс ибн Әустің хадисі: "Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

"Шын мәнінде, ең жақсы күндерің - жұма. Ол күні маған салауаттарыңды көбейтіндер, ол маған жеткізіледі". Сонда адамдар: "Я, Алла елшісі, ол қалай саған жеткізіледі, денең бұзылып кетсе?", - деп сұрайды. Пайғамбар: "Алла Тағала жерге пайғамбарлардың денелерін жеуге харам етті", - деді".

Бұл хадис рухының денесінен шығып, Әр-рафиқ әл-Әғлә (Алла) жаққа қарай көтерілгеніне анық дәлел. Дүниедегі ең соңғы талабы осы болатын.

Және Әбу һурайрадан болған хадисте: "Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

"Кім маған менің өлімімнен кейін сәләм айтатын болса, мен оған жауап беруім үшін Аллаһ міндетті түрде маған жанымды қайтарып отырады".

Хадисті Әбу Дәуіт риуаят етті.

Қалай жанын қайтаратынын Алла бәрінен жақсы біледі. Әбу Дауд жақсы иснадпен Әбу һурайрадан (оған Алла разы болсын) хадисін жеткізеді: "Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

"Үйлеріңді мазар қылмаңдар. Менің қабіріме зиярат жасауды мереке етіп алмаңдар, маған салауат айтыңдар, өйткені, расында, сендер қай жерде болсаңдар да, салауаттарың маған жеткізіледі".

Әл-Хафиз Ад-дия "Әл-Мұхтар" атты еңбегінде және басқалары мына хадисті риуаят етеді: "Али ибн әл-Хусейн ибн Али (оған Алла разы болсын) пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қабірінің қасындағы бір түпкірге кіріп дұға сұрайтынын бір кісіні көреді. Ол кісіге бұны тыйым салып: "Саған әкемнен, ал ол әкесінен естіген хадисті айтып берейін бе? Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

"Менің қабіріме зиярат жасауды мереке етіп алмаңдар, үйлеріңді мазар қылмаңдар. Расында, сендер қай жерде болсаңдар да, сәлемдерің маған жеткізіледі".

Саид ибн Мансур Абдуль Азиз ибн Мұхаммедпен сөйлесіп, Суһайл ибн Әбу Суһайл оған мына хабар бергенін айтты: "Мені әл-Хасан ибн әл-Хасан ибн Али (оған Алла разы болсын) қабірдің жанында көрді. Мені қасына шақырды да: "Сені неге қабірдің қасында көрдім?", - деп сұрады. Мен: "Пайғамбармен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сәлемдестім", - дедім. Ол: "Мешітке кірсең сәлемдес", - деді. Одан кейін: "Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

"Менің қабіріме зиярат жасауды мереке етіп алмаңдар, үйлеріңді мазар қылмаңдар. Маған салауат айтыңдар, өйткені, расында, сендер қай жерде болсаңдар да, салауаттарың маған жеткізіледі. Пайғамбарларының қабірлерін мешіт қылып алған яһудилерді Алла лағынеттеді". Әл-Хасан: "Сендер және Андалюстегілер де бір халдесіңдер", - деді".

Бұл саһабалардан келген мағлұматтар бұрынғы салиқалы тұлғаларда осы жайт кең тарағанын, бұл сүннеті сақтауға және басқаларға жеткізуді тырысқанын көрсетеді. Ал мына сөзінің мағынасы:

"үйлеріңді мазар қылмаңдар"

яғни, Құран оқудан, дұға сұраудан, намаздан үйлеріңді бос қылмаңдар. Қасында намаз оқуға болмайтын мазар дәрежесінде болып қалмасын. Бұл жерде нәпіл намаздар туралы айтылып отыр. Ал мына сөзінің "менің қабіріме зиярат жасауды мереке етіп алмаңдар" мағынасы: пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оның қабірін арнайы түрде белгілі бір уақытта жиналыс түрде зиярат етуді тыйым салды. Бұл зиярат белгілі бір уақытта қайталанған жиналыс болып, адамдар қуаныш пен рахатты сезініп, әрбір жыл сайын немесе уақыттан уақытқа дейін қайталанатын мереке секілді болып қалмасын деуі. Одан кейін біздің салауаттарымыз қайда болсақ та оған жететінін бізге хабарлады. Яғни, бағытталған сәлем мен салауат жақын болсақ та алыс болсақ та оған жетеді. Қабірдің қасында салауат немесе сәлем бергеннің ешқандай артықшылығы жоқ. Бұл әл-Хасан ибн әл-Хасанның "Сендер және Андалюстегілер де бір халдесіңдер" деген сөзінің мағынасы осы.

Кімде-кім мешітке бағытталмай, сәлем беруге тек қабірге ғана бағытталса - қабірінің зияратын мерекеге айналдыруы. Бұны әл-Хасан ибн әл-Хасан (оған Алла разы болсын) түсінгендей.

Имам Мәлик (оған Алланың рахымы болсын) Мединеде адам мешітке кірген сайын пайғамбардың қабіріне барғанын мәкруһ деген. Себебі бұрынғы салиқалы тұлғалар олай істемейтін болған. "Тек үмметтің біріншілерін түзеткен нәрсе, үмметтің ақырғыларын түзетеді", - деген. Саһабалар (оған Алла разы болсын) және табиғиндердің үлкендері көбінесе пайғамбар мешітіне келіп салиқалы халифалардың артында намаз оқитын. Намаздың сәлемінен кейін өз жұмыстарымен кетіп, немесе Құран оқып, ғибадат жасап отыратын болған. Әрбір намаздан кейін қабірге барғандары риуаят етілмеген. Ташаһһудтағы салауат пен сәлеммен шектелген. Бұл салауаттары қабірдің алдында тұрып айтқандарынан абзал. Аиша анамыздың тірі кезінде және дүниеден озғаннан кейін де, қабір қоршалмаған кезде, Әл-Уәлид ибн Абдуль-Малик патшалығы кезінде қабір мешіттің кеңею территориясына кірген кезде де, саһабалардың қабірге жақындаулары әбден мүмкін болған кезде, олар салауат пен сәлемді қабірдің қасында айтуды әдет қылған жоқ. Тек кейбіреулері алыс сапардан оралған кездері келіп, сәлем беріп шығып кететін. Бұл хабар тек бір саһаба Ибн Омардан ғана риуаят етілген. Алайда, ол кісі әрдайым олай істеген жоқ. Қабірге келуді әр уақыт сайын қайталау - бидағат және пайғамбарды ұлықтау мен Алла Тағаламен бірге дұға сұрауға апаратын жол.

Күллі үмметтің ғұламалары (оларға Алланың рахымы болсын) мына мәселеге келіскен: егер адам пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сәлем беріп, өзі үшін Алладан дұға сұрайтын болса, дұға қабыл болатынына үміті көбірек болатын ең жақсы жақ құбылаға қарап сұрасын. Ал Имам Мәлик туралы хикаяны айтатын болсақ, ол хикаяда Имам Мәлик Мансурға былай деп айтады: "Одан бетіңді неге бұрасың?...Оған қарап, одан шапағат сұра", - деген. Бұл хикая ғалымдардың (оларға Алланың рахымы болсын) зерттеулері бойынша Имам Мәликке жабылған ойдан шығарылған жалғандық.

Алтыншысы: Тек қана пайғамбардың қабірін зиярат ету үшін сапарға шығуды тыйым салу.

"Сахих", "Сунан" және "Муснад" кітаптарында пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мынандай айтылған сөзі келтіріледі:

"Тек үш мешітке бару үшін арнайы сапар шегуге болады: харам мешіті, бұл мешіт, Ақса мешіті".

Мағынасы: құлшылық үшін белгілі бір жер немесе мекенге, ол мекенде сауаптар артылады және ол мекен басқа жерлерге қарағанда артықшылығы бар деп сеніп, сапарға шығуға тыйым салу. Бұл тыйымға пайғамбарлардың қабірлері болсын, басқалардың қабірлері болсын, оларға сапар кіреді. Себебі, пайғамбарлардың қабірін зиярат ету - мереке қылып алу. Ал басқалардың қабірлерін зиярат еткенде, ондағы жатқандар туралы сенім Алламен бірге ғибадатқа әкелуі мүмкін. Қазіргі замандағы және одан бұрынғы замандағы мүшріктер ахуалдары сияқты. Олар айтқандарындай "әулиелердің" қабірлеріне ұзақ сапарға шығып, немесе ауыртпашылықтарды көтеріп, едәуір ақша жұмсайды. Ал өздері "кесене" деп ат қойып алған жерлеріне келген кезде

жайласып, мейіттердің атын айқайлап, оларды шақырады; кесенені айналу, топырағын ұстау, дұға сұрау, құрбандық шалу сияқты Аллаға ғана тиесілі құлшылықтарды жасайды.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) міне осыдан қорқып, үш мешіттен басқа жерге арнайы сапарды тыйған.

Бұл жөнінде шейхуль Ислам ибн Тәймия (оған Алланың рахымы болсын) кітапша жазып, онда салиқалылар мен пайғамбарлардың қабірлеріне тек қана зиярат ету үшін сапарға шығу үкімі туралы ғалымдардың келіспеушілігін айтып кетіп, тыйым салуды дұрыс деп санады. Тыйым салу үкімін шығарғандар Ибн Батта, Әбу әл-Уәфә ибн Ақил, әл-Жуәйни, әл-Қады Ыяд және т.б. болып, ғалымдардың көбісі осындай шешім қабылдады. Бұл туралы Имам Мәлик жазғып кетіп, оған қарсы ешқандай имамдар сөз айтқан жоқ. Бірақ бұл шешімдері жалпы түрде сапарға шықпай қабірлерді зиярат етуге болмайды деген сөз емес. Керісінше, сапарға шықпай қабірлерді зиярат етуге ынталандыру риуаят етілген. Ондай зиярат Ақыретті еске алғызады. Зиярат етуші мейіттер үшін Алладан дұға және оларға мейірін сұрайды. Бірақ ол зиярат қасындағы ең жақын зиратқа барса болады. Себебі, әрбір қалашықта зират болады. Ал енді көлігін дайындап, алыс жерге бір мекен немесе қабір үшін сапарға шықса, сол қабірдегі мейіттің ұлылығына сенуден және оның ұлықтауға, одан дұға сұрауға, оған үміт артуға лайықты деп сенгенінен болады. Одан кейін оған ықыласты ғибадат жасайды. Осыған орай, тек үш мешіттен басқасына сапарға шығудың тыйым салынғандығына таңқалатын ештеңе жоқ.

Имам Ахмад және басқалары Ибн Омар және Әбу Сағид әл-Худри туралы риуаят еткен. Олар үш мешіттен басқасына сапарға шығуға болмайтындығы жайлы хадисті дәлел ретінде келтіріп, Тур тауына барып намаз оқу үшін сапарға шығуға рұқсат бермеді. Алла Тағала Тур тауын айтып кетіп оны қасиетті жазира және берекелі жер деп атап, ол жерде құлы Мусамен сөйлескеніне қарамастан.

Осыған орай, кімде-кім Мединаға ішінде оқылған намаз мың намаз болатын пайғамбар мешітіне бағытталып сапарға шықса, сапары - Аллаға бойсұну мен жақындау болғаны. Мешітте намаз оқып шыққаннан кейін ғана пайғамбардың құрметті қабіріне барып сәлем беруге, және саһабалар мен шаһидтердің қабірлеріне барып сәлемдесіп, олар үшін Алладан дұға сұрауға болады.

Ал егер кімде-кім тек қабір үшін, сәлем немесе қасында тұрып дұға сұрау үшін бе сапарға шықса, сапары - жаман бидағат болғаны. Себебі, мына хадиске қарсы келіп отыр:

"Менің қабіріме зиярат жасауды мереке етіп алмаңдар, маған салауат айтыңдар, өйткені, расында, сендер қай жерде болсаңдар да, салауаттарың маған жеткізіледі".

Ал құрметті қабірді зиярат етудің артықшылығы жайлы риуаят етілген хадистер - ғұламалардың зерттеулері бойынша барлығы әлсіз немесе ойдан шығарылған. Алланың қолдауы болсын, осыған назар аудар!

Бесінші тарау:

Екі күәліктің шарттары:

Ғалымдар ықылас сөзінің жеті шартын айтып кетті. Ал кейбіреулері оларды өлең жолдарымен жеткізген:

Білім, сенім, ықылас және шыншылдығың, Махаббат пен бойсұну және қабыл алуың.

Бұл шарттар Құран мен сүннеттегі дәлелдерді терең оқу мен байқаумен алынды. Кейбіреулер оларға тағы сегізінші шартты да қосқан. Оны мына өлең жолдарында жазған:

Оларға сегізіншіні қос: сенен күпірлік болсын, Алладан басқа оған теңеген құдайларға...

Сегізінші шарт Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөзінен алынған:

"«Алладан басқа құдай жоқ», - деп айтқан және Алладан басқаға құлшылық еткенге күпірлік еткеннің дүниесі мен жанына қол салуға харам болады"

(хадисті Муслим риуаят етті).

Бұл хадисті шейх Мұхаммед ибн Абдуль-Уаһһаб "Таухид кітабында" айтып кеткен: "Бұл "лә иләһа илләЛла" сөзінің мағынасын түсіндіретін ең үлкен түсіндірмелерінен болып тұр. Шын мәнінде, пайғамбар кәлімәны тек сөзбен ғана айтқанның дүниесі мен жанын харам еткен жоқ. Тіпті, мағынасын біліп айтуыменен де, мойындауымен де, серігі жоқ Жалғыз Алладан ғана дұға сұрайтын болса да дүниесі мен жаны харам етілмейді. Тек осылардың барлығына Алладан басқасына құлшылық жасалатынға күпірлік ету қосылғанда ғана дүниесі мен жаны харам етіледі..." сөздің соңына дейін.

Шарттың мағынасы: Алладан басқаға құлшылық ету жалғандық екеніне, және кімде-кім Аллаға ғана тиесілі хақтан Одан басқасына бағыттаса - адасқан мүшрік болатынына, және Алладан басқа құлшылық етілетін күллі қабірлер, күмбездер және белгілі жерлер мүшріктердің ертегілері мен надандықтарымен тұрғызылғанына сену. Мүшріктердің істеп жатқандары дұрыс деп жатса, немесе дұрыстылығына күдіктеніп жатса, немесе істеп жатқандарының жалғандығында күмәнданса, ол "лә иләһа илләЛла" деп жатса да бірқұдайшы емес! Алладан басқасына құлшылық етпесе де.

Жоғарыдағы жеті шарт дағуат имамдарының (Оларға Алланың рахымы болсын) кітаптарында мәлім болса да, одан да түсінікті болу үшін шарттарға байланысты кейбір дәлелдерді айтып кетеміз:

Бірінші шарт: білім.

Оған дәлел Алла Тағаланың мына сөзі:

"Аллаһтан басқа (құлшылыққа лайық) құдай жоқ екендігін біл"

(Мұхаммед сүресі, 19 аят).

Муслим Усманнан (Алла оған разы болсын) риуаят еткен хадис: «Аллаһ елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

""Алладан басқа құдай жоқ" екендігін біліп қайтыс болған адам жәннәтқа кіреді".

Мағынасы: екі куәліктің мағынасы мен әрқайсысы қажет ететін амалдар туралы хақиқи білім. Білімнің антонимы надандық. Үмметтің мүшріктері шаһадаларға қарсы шыққандары осы надандық үшін. "Иләһ" сөзінің мағынасын, теріске шығару мен бекітудің мағынасын білмеді. Куәліктің мақсаты - мағынасы екенін түсіне алмады. Бұрынғы мүшріктер кәлімәның мағынасын біліп, оған қарсы шыққан. Ақырында былай деп айтқан:

"Тәңірлерді бір-ақ тәңір қыла ма?"

(Сад сүресі, 5 аят).

Және былай деді:

"Жүріңдер, өз тәңірлеріңде сабыр ете тұрыңдар"

(Сад сүресі, 6 аят).

Екінші шарт: айқынды сенім.

Күмән, күдіктің, немесе жай ғана ойлану мен шүбәның антонимы.

Мағынасы: кімде-кім екі шаһаданы айтса, айтып жатқан сөзінің дұрыстылығына жүрегімен айқын сену керек. Алла Тағала шын құдай екендігіне, Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлығы дұрыс екендігіне, Алладан басқасына құлшылықтың қай түрі болсын жалғандық екеніне және Мұхаммедтен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кейін біреу "пайғамбармын" десе, оның да жалғандық екеніне сену қажет. Ал егер куәлік мағыналарының дұрыстығында күмәнданса немесе Алладан басқасына құлшылықтың дұрыс еместігінде ойланып тоқтаған болса, оған айтқан екі куәлігі пайда әкелмейді.

Бұл шарттың дәлелі: Муслим келтірген Әбу Һурайраның (оған Алла разы болсын) хадисі: "Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) екі куәлік жөнінде былай деп айтты:

"Екі куәлікте күмәні жоқ құл Алланы кездестіреді, жәннатқа кіреді".

"Сахих" кітабында, жоғарыда риуаят еткен саһабадан, "Пайғамбар, оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын:

"Бар да осы бақтың сыртында кезіктірген кез келген, Алладан басқа құдай жоқ, деп жүрегімен нық сеніп куәлік берген адамға, Жұмақты хабарлап қуандыр!", - деді".

Және Алла Тағала мүміндерді мына сөзімен мақтаған:

"Шын мәнінде сондай Аллаға, Елшісіне иман келтірген мүміндер, сосын күдіктенбеді"

(Хужурат сүресі, 15 аят).

Ал мұнафықтарды мына сөзімен кінәраттады:

"Шынында сенен, Аллаға, ақырет күніне сенбегендер, жүректері күдіктеніп күмән ішінде екі ойлы болғандар"

(Тәубә сүресі, 45 аят).

Ибн Мас'уд, оған Аллаһтың ризашылығы болсын, ол былай деді:

"Сабырлық - иманның жартысы, айқынды сенім болса - толық иман".

Кімде-кім екі куәліктің мағынасына айқын сенсе, дене мүшелері Жалғыз Раббысына ғибадат етуге және елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бойсұнуға тырысып тұратынында ешқандай күмән жоқ.

Үшінші шарт: қабылдамаудың антонимы болатын - қабылдау шарты.

Шын мәнінде, екі куәліктің мағынасын біліп, мағынасына айқын сенетіндер бар. Бірақ шаһаданы тәкаппарлық пен қастықтары үшін қабылдамайды. Бұл - яһуди мен христиан ғалымдарының ахуалы. Жалғыз Алла Тағаланың құдайшылығына куә болған және Мұхаммедті (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өздерінің балаларын білгендей білетін, бірақ, осымен бірге қабылдамады:

"Кітап иелерінің көбі, оларға шындық айқын болғаннан кейін өз күншілдіктерінен сендерді иманнан кейін қарсылыққа қайтаруды қалайды"

(Бақара сүресі, 109 аят).

Сондай-ақ, бұрынғы мүшріктер де "лә иләһа илләлла" сөзінің мағынасын, Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шыншылдығын білген. Бірақ, бұны қабылдауда тәкаппар болды. Алла Тағала айтқандай:

"Расында оларға: "Алладан басқа ешбір тәңір жоқ" делінген кезде, менменсіген еді"

(Саффат сүресі, 35 аят).

Және Аллаһ Тағала айтты:

"Расында білеміз, күдіксіз олардың айтқандары сені кейітеді. Олар сені өтірікке санап отырған жоқ. Бірақ залымдар Алланың аяттарына қарсы келеді"

(Әнғам сүресі, 33 аят).

Төртінші шарт: бойсұну.

Бойсұну мен қабыл қылудың айырмашылығы бар. Бойсұну: амалдарымен ілесу болса, қабыл қылу: мағынаның дұрыстығын сөзбен көрсету. Екеуінен де ілесушілік қажет етіледі. Бірақ бойсұну - бағыну мен берілу, Алла үкімдерінің біреуін де аңдымау. Алла Тағала былай деді:

"Раббыларыңа қайтыңдар, Оған бой ұсыныңдар"

(Зүмәр сүресі, 54 аят).

Және Аллаһ Тағала айтты:

"Кім діни тұрғыдан жақсылық істеуші болып, жүзін Аллаға тапсырып..."

(Ниса сүресі, 125 аят).

Және Аллаһ Тағала айтты:

"Кім өзін Аллаға тапсырып, игілік істесе, сонда ол; расында берік тұтқаны ұстаған болады"

(Луқман сүресі, 22 аят).

Міне бұл Жалғыз Аллаға құлшылық жасап бойсұну. Ал пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бойсұну - сүннетін қабыл алу, келген шарифатына ілесіп, үкіміне риза болу. Алла Тағала былай дейді:

«Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып, сонан соң берген билігіңнен көңілдерінде ақау таппай толық бой ұсынғанға дейін, мүмин бола алмайды»

(Ниса сүресі, 65 аят).

Имандарының дұрыстылығына үкіміне толықтай бойсұнуды шарт қылды. Яғни, Раббысынан жеткізгеніне бойсұнып, үлгі тұту.

Бесінші шарт: шыншылдық.

Антонимы - өтірік.

Бұл шарт сенімді хадисте риуаят етілді. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын)

"Кімде-кім "лә иләһә илләЛла" сөзін шыншыл жүрегімен айтса, жәннатқа кіреді".

Ал біреу тілімен айтып, жүрегімен мағынасын теріске шығарса, кәлімә оны құтқара алмайды. Алла Тағала мұнафиқтардың сөздерін жеткізген, олар былай деді:

"Сені, анық Пайғамбар деп айғақ боламыз"

(Мұнафиқун сүресі, 1 аят).

Және Аллаһ Тағала айтты:

"Сенің хақ Пайғамбар екеніңді Алла біледі. Сондай-ақ Алла расында мұнафиқтардың мүлде суайт екендігіне куәлік етеді"

(Мұнафиқун сүресі, 1 аят).

Сондай-ақ олардың өтіріктерін Алла Тағала айтады:

"Адамдардың кейбіреулері, екі жүзді (мұнафиқтар): «Аллаға, ақырет күніне сендік» дейді. Бірақ олар сенбейді"

(Бақара сүресі, 8 аят).

Алтыншы шарт: ықылас.

Антонимы - ширк.

Аллаһ Тағала айтты:

"Сонда Аллаға дінді нағыз арнап, құлшылық қыл. Көңіл бөліңдер! Дін нағыз Аллаға тән"

(Зүмәр сүресі, 2-3 аяттар).

Және Аллаһ Тағала айтты:

"(Мұхаммед): "Шәксіз мен дінді нағыз Аллаға арнап, құлшылық қылуға бұйырылдым" де"

(Зүмәр сүресі, 11 аят).

Және былай деп айтты:

""Дінімді нағыз Аллаға арнап құлшылық қыламын" де"

(Зүмәр сүресі, 14 аят).

"Сахих" кітабында Әбу Һурайрадан хадис келтірілген: "Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

"Адамдардың ішінде шапағатыммен ең бақыттысы - "лә иләһа илләЛла" сөзін жүрегімен ықыласты түрде айтқаны".

Бұл сөзі Утбан хадисіндегі оның (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сөзінің мағынасы болып табылады. Ол мына хадис:

«Расында, Алла, «Алладан басқа құдай жоқ!» деп Алланың дидарынан үміттеніп айтқан әр бір адамды, отқа харам (тигізбейтін) етті!».

Ықылас: жіберілген пайғамбар болсын, жақындатылған періште болсын, ешкімге, Жалғыз Аллаға ғана тиесілі ғибадаттың қай түрін болсын бағыттамау; құлшылықты тек қана Алла Тағалаға ғана жасау. Осылайша Мұхаммедке (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) деген ықылас: сүннетіне, үкіміне шектелу; бидағат пен қайшылықтарды тастау; шариғатпен соғылысқан адамзат ойлап шығарған заңдар мен әдет-ғұрыптармен соттасуды тастау; кімде-кім ол заңдар мен әдеттерге разы болып, олармен үкім шығарса ықыластылардан болмайды.

Жетінші шарт: махаббат. Антонимы - жаратпау мен жеккөру.

Пендеге Алла Тағаланы, елшісін, Алла жақсы көретін амалдар мен сөздерді, әулиелерін, бойсұнушы пенделерін жақсы көру - уәжіп. Бұл махаббат дұрыс болса, әсері бүкіл денеден көрініп тұрады. Шыншыл пендені, Аллаға бойсұнған, елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ілескен, Раббысына нағыз ғибадатты жасаған, Оған бойсұнумен ләззат алған, Алла Тағала жақсы көрген амал мен сөздерге асыққан түрде көресің. Сондай-ақ, күнәлардан сақтанып, олардан алыс жүрген, күнәһарларды жеккөретін түрде көресің. Ол күнәлар әдетте нәпсіге жағымды және тәтті болса да оларға жақындамайды. Себебі, пенденің білуінше, от құмарлықтармен, ал жәннат жек көретін нәрселермен қоршалды. Қашан пенденің ахуалы осындай болғанда, махаббаты шын болады. Осыған орай, Мысырлық Зу Нун (оған Алланың рахымы болсын) деген кісіден: "Мен Раббымды қашан жақсы көремін?"; - ден сұрақ сұралғанда, былай жауап берді: "Ол жеккөрген нәрселер сенің сабырлығыңда болғанда".

Тағы бір кісілер: ""Алла Тағаланы жақсы көремін" деген сөзге айтушы жанаспаса, айтқан сөзі - өтірік", - деген.

Алла Тағала пендені жақсы көруінің белгісіне шарт қойған, ол - пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ілесу. Мына сөзінде айтқандай:

«Оларға: «Егер Алланы сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Алла сендерді жақсы көріп, күнәләріңді жарылқайды. Өйткені Алла аса жарылқаушы, ерекше мейірімді», - де»

(Әли Имран сүресі, 31 аят).

Пайғамбарды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жақсы көру және ол махаббат қандай амалдарды қажет ететіні туралы дәлелдерді жоғарыда айтып кеткенбіз. Аллаға деген махаббат та сондай болады.

Алтыншы тарау:

Екі куәлікті бұзатын мәселелер:

Әрбір мазхаптағы ғалымдар Исламды бұзатын мәселелерді фикһ кітаптарында діннен шығу және қалай шығу мәселелерін қарастырған. Кейбіреулері діннен шығудың көптеген мысалдарын келтірген (Алладан пана сұраймыз). Шариғат амалдарын жасау мен жасауға секілді мәселелердің жүздеген саны бар. Бірақ бұны Шейх Мұхаммед ибн Абдул - Уаһһаб (оған Алланың

рахымы болсын) "Мажмуғ ат-таухид" кітабында және басқа кітаптарында Исламды бұзатын он мәселеде ғана жинақтап қорытындылады.

Бұл жерде бізге керегі - олармен амал еткенде сауап болмайтын, айтқанда пайда бермейтін екі кәлимаға қайшы келетін кейбір сипаттар. Олар:

Біріншісі:

Кейбір махлұқатты Алла Тағалың жаратылысына жатқызбай, жоққа шығару немесе кейбір басқару шаруасын, билік күшін табиғатпен кездейсоққа жатқызып дәлелдеу. Әрине, бұл Алла Тағалаға тікелей тіл тигізу, мұсылмандардың ақидасына қайшы болып табылады. Нағыз билік күші Аллаға ғана бекітіліп, сол үшін Ол ғана құлшылыққа лайықты құдай.

Екіншісі:

Алла Тағаланың кейбір кәміл сипаттарын, барлығын білу, нағыз өмір, мәңгі бар болу, күш-қуат, барлығын есту және көру сияқтыларды теріске шығару. Бұл - Алланың құдайшылығына қайшы, нағыз кеміту. Және кемшіліктерден болған, қалғу, ұйықтау, ұмыту, зұлымдық, балалы болу, серіктесу және т.б. сипаттардан Алла Тағала Өз-өзін пәктеген сипаттарды бекіту. Ал осылар болса, Алланың ұлы кемелдігіне қайшы. Ұлы кемелдігі үшін Ол - барлық жаратылыстардың құлшылықтарына лайықты құдай.

Үшіншісі:

Кейбір махлұқаттарды, ғайыпты білу, жалпы патшалық, әлемді кәміл билікпен басқару, Алланың қалауынсыз жарату, жоқтан бар қылу күші секілді Жаратушының ерекше сипаттарымен сипаттау. Негізі, бұл - Аллаға серік қосу, Жаратушының дәрежесіне көтеру, Алланы кемсіту.

Төртіншісі:

Алла Тағалаға арналған күллі ғибадаттарды, не бірін теріске шығару. Мысалы: Алла Тағаладан қорықпау, Одан көмек сұрауға лайықты емес, немесе құлшылық манызды емес не пайдасыз деп сену, сол секілді кейбір құлшылықтарды мұқату немесе намазхандарды не кез-келген ғибадатты ұстанушыны кемсіту. Бұл амалдар шарифатты айыптау және екі кәлимаға қайшы шығу болады.

Бесіншісі:

Кез-келген адамға шарифатты құруды, заң шығаруды, шарифатты өзгертетін, зинаны не өсімді адал қылу сияқты үкімдерді қою рұқсат екеніне сену. Адам өлтіргенді өлтіру, ұрлықшының қолын шабу сияқты шариғи жазалауды жоққа шығару. Зекеттен бас тарту, парыздарды не кез-келген ғибадаттарды өзгерту. Алла Тағаланың шарифатынан тыс соттасу, Құран және сүннетсіз үкім жүргізуге болады деп сену. Кімде-кім осыларға сенсе - Алланың шарифатына қарсы шыққаны, шарифатты кем не заманға сәйкес емес дегені, басқа үкімдер Алланың үкімдерінен артық деп санауы болады. Бұл нағыз кемсіту, сол үшін ол таза таухидке біріге алмайды.

Алтыншысы:

Кейбір ғибадат түрлерін Алла Тағаладан басқаға бағыттау: осы замандағы қабір табынушылардың ширкі болып табылады. Кімде-кім мәйттен медет сұраса, не оған үміт артса, не оған жүрегін байласа, не Алла Тағаланы жақсы көргендей оны жақсы көрсе, не оған бас иесе, не қабірінде оған бойсұну, бағыну және т.б. амал жасаса, не оған тауаф жасаса, не оған құрбан шалса, немесе басқа да ғибадат түрлерін орындаса, онда ол екі кәлимасын: (Алладан басқа құдай жоқ және Мұхаммед Алланың елшісі) жоққа шығарған болады. Бұл мәселе құдай, ғибадат мағынасын түсіндіргенде қарастырылды.

Жетіншісі:

Алла Тағаланың жаулары: мейлі кітап иелері, не пұтқа табынушылар, не атеистермен достасу, оларды жақсы көру, жақындату, деңгейлерін көтеру, олардың жолы ақиқат деп сену, не олар мұсылмандардан қарағанда дәріптеу, құрметке лайықтырақ деп санау, оларға бағыну, сыйлау, құрмет көрсету, дүниелері немесе ғылымындарын ұлықтау - оларды дұрыс жолда жүргенін

хабарлау және олармен келіспейтін мұсылмандарды адасқандар, қателескендер деп санаған болады. Мұның барлығы кәлімәнің ақиқатына қайшы.

Сегізінші:

Пайғамбарға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын), не шаригатына тіл тигізу; не оны өтірікші қылу; не пайғамбар қиянат жасады немесе уахи етілгенді жасырды деп шағымдану; не оны қорлау; не сөгү; не өмірбаянынан болған қарым-қатынасын, ахуалын, амалдарын келемеждеу сияқты адамның жадында пайғамбардың үндеуін теріске шығаратынын көрсетіп тұратын нәрселер. Ақиқатында, пайғамбарға тіл тигізу - Ұлы Раббысына тіл тигізу. Себебі, пайғамбарды Алла Тағаланың Өзі үндеуін оған жүктеп пенделеріне жіберген. Бұл амалдар екі куәлік сөздерін бұзады.

Тоғызыншы:

Алла Тағаланың сөзі болып табылатын Құран Кәрімге тіл тигізу. Мүшріктердің оны сиқыр, өлең, бұрынғылардың аңыздары деп айтқандары сияқты айту; не оны өсек, өтірік, адамның сөзі деп айту; не оны мұғжиза екендігін теріске шығару; не оған ұқсас мысал келтіріп қарсыласуға тырысу және ондай қарсыласу мүмкін деп ойлау; не ол қамтитын кейбір нәрселерге сенбеу; не көп жолдармен жеткізілген аят пен сүрелерді теріске шығару сияқты амалдарды істеген - Алла Тағалаға сенбейтін кәпір. Бұл таухид кәлімасын бұзады.

Оныншысы: Алла Тағала иман келтіруді әмір еткен, ол нәрселер орнықты бар екенін, рас екенін Құранда және елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) арқылы хабарлаған ғайып нәрселердің бірін теріске шығару. Мысалы: періштелер, кітаптар, елшілер, өлімнен кейін болатын тірілту, денелерді жинау, жәннат пен тозақ, қабір азабы мен рахаты сияқтылар. Егер кімде-кім осылардың бірін терістесе, Аллаға және елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сенбегені. Бұл - Алла үндеуіне және ол қамтитын нәрселерге ең үлкен тіл тигізушілік. Және екі куәлік хажет ететін амалдарға қайшы келеді.

Екі куәлікпен байланысты нәрселер және оларды немен растау керек екені жөнінде осы мәлеметтерге тоқтаймын. Бұл мәліметтер қысқаша түрде ғана берілді. Ал егер біреулерге тереңдету керек болып жатса, оны дағуат имамдарының (оларға Алланың рахымы болсын), және олардан бұрын өмір сүрген мұсылман ғалымдарының кітаптарында табады. Алла Тағала бәрінен де жақсы білуші және Дана! Мұхаммедке, жанұясы мен саһабаларына Алла Тағаланың салауаты мен сәлемі болсын!

Екі куәлік, мағыналары және олар қажет ететін амалдар	1
Кіріспе:.....	1
Бірінші тарау: Екі куәліктің артықшылықтары жайлы:	1
Екінші тарау. Екі куәлік үшін күресу және олармен келу уәжіп екені жайлы:	2
Үшінші тарау. "Лә иләһә илляЛлаһ" сөзінің мағынасы жайлы:	4
Төртінші тарау. "Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куәлік" сөзінің мағынасы жайлы:	8